

16 ЖЕЛТОҚСАН – ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ

ТӘУЕЛСІЗДІК – БАҒА ЖЕТПЕС БАЙЛЫҒЫМ!



РУХ

Бүгін – Тәуелсіздік күні. 1986 жылдың дәл осы күні қазақ жастары Алматыда алаңға шығып, үлкен жүйеге қарсы бас көтеріп еді. Тарихта әлі де ақтаңдақтар ашылмай, лайықты баға берілмей келе жатқан Желтоқсан оқиғасына қатысушы ардагерлерді ел осы 16 желтоқсан қарсаңында еске алып, іздей бастайды. Желтоқсан оқиғасына қатысушылардың өз ішінде бірнеше ұйым, қоғамдық бірлестіктер бар. Жыл сайын осы ұйым, қоғамдық бірлестіктер өз бетінше қарекет етіп, түрлі іс-шаралар өткізеді.

Жуырда «Желтоқсан ақиқаты» ПК республикалық қоғамдық бірлестігі шағын футболдан «Қар үстінде жанған алау» деп аталатын турнир ұйымдастырды. Желтоқсан оқиғасының 36 жылдығына орай ұйымдастырылған спорт шарасына Алматыдағы желтоқсаншылар ұйымдары мен бірлестіктерінен құралған бірнеше команда қатысты. Сондай-ақ қазақ журналистері ардагерлерінен жасакталған құрама команда додаға түсті.

(Жалғасы 5-бетте)

ЖЕЛТОҚСАНДА ЖАНҒАН АЛАУ СӨНБЕЙДІ



ФУТБОЛ

ҚАТАР КҮНДЕЛІГІ



Белгілі спорт журналисі Гений Төлегенов те әлемдік додадан қалмауға тырысады. Биыл ол Қатарға барып, чемпионат тарихын жазуға өз үлесін қосып жатыр.

(Бұл туралы 8-беттен оқыңыз)

АҚТАҢДАҚ

Күні бүгінге дейін 16 желтоқсанды – Тәуелсіздік күні деп мерекелеп келдік. Расында солай ма? 16 желтоқсан, шын мәнінде, елдігіміз бен егемендігімізге қауіп төнген сын сағатта ұлттық намысты ту етіп көтеріп алаңға шыққан, кеңестік дәуірдің қасаң тәртібіне қасқая қарсы тұрып, сол ұлттық намыс жолында қыршын жастық шағын құрбандыққа байлаған Желтоқсаншылар күні! Өйткені ұлттық рухтың қуатын, ерлік пен елдіктің мұратын, қайыспайтын қара нардай қайратын танытқан Желтоқсан көтерілісі өз бастауын осы күннен алады. Жыл сайын желтоқсан айы жеткенде біздің толқитын, тәуелсіздік жолындағы тарихымыздың парақтарын күрсіне отырып ақтаратынымыздың себебі – сол. Бүгінгі кейіпкеріміз Желтоқсан ардагері, қазақтың маңдайалды ақыны Болат Шарахымбай сол бір сұрқайлы күндерге сапар шегіп, көтеріліс жайлы өз ойларымен бөліседі.

Болат ШАРАХЫМБАЙ:

«ЖЕЛТОҚСАН ҚАСІРЕТІН БІЛМЕГЕН, ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАДІРІН БІЛМЕЙДІ»



ЖЕЛТОҚСАН – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ
КӨП КӨТЕРІЛІСТІҢ БІРІ ЕМЕС, БІРЕГЕЙІ

Иә, сол бір үш күн, үш түн көзден де, көңілден де кетпейді. Бұл – 1986 жылы 16 желтоқсан күні танертенгісін болған оқиға. Қазақстан КП Орталық Комитеті шұғыл түрде кезектен тыс пленум шақырып, ол бары-жоғы 18 минутқа созылды. Осы уақыт ішінде Қазақстанды ұзақ жыл басқарып келген Д. Қонаевты пленум бірауыздан қызметінен босатып, орнына Орталық ұсынған, бұрын Ульянов облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып істеген Г. Колбинді сайлады. Міне, отқа май құйған, халықтың ашу-ызасын тудырған, соны үлкен қайғы-қасіретке душар еткен оқиға дәл осы сәттен басталады. Пленум шешімімен келіспеген студенттер бірден мінез көрсетті, алғашқылардың бірі болып алаңға беттеді. Оларды жұмысшы жастар қолдап, бүкіл Алматы алаңға қарай шұбырды. Оны естіген соң мен шыдап тұра алмадым, оқиға ортасында болғым келді, сөйтіп ереуілшілерге барып қосылдым. Ол кезде КСРО-ны құлату, Одақ құрамынан шығу, тәуелсіз ел құру туралы идея ешкімнің ойына келмейтін, ондай ой өңіміз түглі түсімізге де кірмейтін. Ол мүмкін емес нәрсе еді. Бірақ қазақтың жас демократиясы Орталықтың кезекті кемсітуіне, әлімжеттігіне, қорлығына, басынуына төзе алмады, ол – рас. Кеудені кернеген намыс оты шыдатпады, ашу-ызаға булықты, ақыр-аяғы ол ақтарылып төгілді.

Қазақ жастарын алаңға алып келген қандай күш дегенде, оларды алаңға ұлттық намыс пен ар-ұят түйсігі алып шықты деп толық сеніммен айтуға дәтім барады. Бұл жөнінде айтылып жүрген қалған жорамалдардың бәрі, менінше, бос әңгіме. Әрине, бастапқы кезде көтерілісті ұйымдастырушылардың болғаны анық. Алайда олар істің мұншалық алапат күшке айналып, ақыры үлкен қантөгіспен бітетінін болжай алмаса керек.

Осы тұста маңызды бір нәрсені айтайын. Қашанда сана тәуелсіз болмай, ел тәуелсіз болмайды. Өзгеріс алдымен санада басталады, өмірде жүзеге асады. Басқаша болуы мүмкін емес. Сол себептен 1986 жылғы бас көтеруді тоталитарлық жүйеге қарсы серпілген сана, оянған рух төңкерісі болды десек, шындықтан алшақ кетпейміз. Мысалы, атакты тәжік кинорежиссері Гүлбохар Миразова 1990 жылы Париждегі ЮНЕСКО-ның штаб-пәтерінде өткен жиында сөз сөйлеп, мақтанышпен былай деп мәлімдеді: «Тәубе, Азия жолбарыстары оянып жатыр. 1986 жылғы Қазақстандағы Желтоқсан көтерілісі – Орталық Азиядағы ұлттық сана сілкінісінің басы болды». Расында, Желтоқсан құбылысы тек Орталық Азиядағы ғана емес, сонымен бірге бүкіл Кеңестер Одағындағы, тіпті Варшава блогына кіретін барша социалистік қоғамдағы сана сілкінісінің басы болды. Желтоқсанның осынау тарихи-саяси маңызын біртіндеп басқа да елдер мойындағаны мәлім. Өйткені 1986 жылғы Алматы көтерілісінен соң наразылық толқыны Баку, Тбилиси, Вильнюс, Сумгайт, Ферғана, Саха (Якутия), сәл кейінірек Шешен-Ичкерияны шарпыды, ақыр соңында 1991 жыл бұрынғы империя астанасы – Мәскеуде, атакты Қызыл алаңда жалғасын тапты емес пе?! Осылайша Желтоқсан дүрбелені – КСРО-ның құрамында болған жасанды 15 одақтас республикаға, империяның асша алақанында, жұмса жұдырығында ойнаған социалистік лагерь елдеріне еркіндік әкеліп, КСРО мен АҚШ бастаған социалистік (Варшава блогы) пен капиталистік (НАТО) екі түрлі көзқарастағы әлемнің арасындағы 50 жылға созылған қырғиқабақ соғыстарына батпан нүкте қойды десе болады.

(Жалғасы 3-бетте)



БИРЖАМЕТР



МУНАЙ (brent)
80,48



DOLLAR
469



EURO
499



РУБЛЬ
7,1

БИЛІК

«Жуырда өткен Президент сайлауы – бұл халықтың бізге артқан зор сенімі және қолдауы. Азаматтарымыз нақты оң өзгерістер бүгін және қазір болады деп үміттеніп отыр. Осы үміт пен сенімді ақтау – алдымызда тұрған ең басты міндет әрі қастерлі парыз». Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев осылай деп атап көрсетті.

«Қордаланған мәселелер аз емес. 11 айда экономиканың өсімі 4,6 пайыздан 2,7 пайызға дейін төмендеді. Инфляция соңғы 14 жылда болмаған деңгейге жетті. Қазір бұл көрсеткіш – 19,6 пайыз. Мұндай ахуал жұрттың табысына және әл-ауқатына кері әсерін тигізіп отыр», – деген Президент ерекше мән беруді қажет ететін бірқатар мәселеге тоқталды.

Еліміздегі ЖЭС-тердің тозу деңгейі 66 пайызға, ал кейбір қалаларда шекті межеден асып, 80 пайызға жеткен. Жылу электр стансаларының үштен бірінің пайдалануға берілгеніне жарты ғасырдан асқан. Шығыс Қазақстан облысының Риддер мен Шемонаиха қалаларындағы жылумен камту желілері мүлдем тозған.

Инфляция. Азық-түлік инфляциясы 24 пайыздан асты. Тұрғындардың ақшалай табысының өсу қарқыны соңғы бес жылдағы ең төмен деңгейде тұр. Елімізде қағаз жүзінде жұмыс істейтін, уақытша жұмыс істемейтін, өзін-өзі нәтижесіз жұмыспен қамтыған және жұмыссыз деп көрсетілген 900 мыңға жуық адам бар. Негізгі құжат – Халық табысын арттыру бағдарламасы. Осы құжатты қазіргі жағдайлармен сәйкестендірген жөн. Азық-түліктің бағасы жыл мезгіліне қарай қатты өзгереді. Күзде су тегін нәрсе көктемде шарықтап шыға келеді. Мұның шешімі біреу ғана – қойма инфрақұрылымын жасау керек. Бірақ бұл бағыттағы жұмыс баяу жүріп жатыр. Былтыр 83

қолжетімді болуын қамтамасыз еткен жөн. Ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу ісін жақсартуға баса назар аудару қажет. Мемлекет жыл сайын агроөнеркәсіп кешенін дамытуға 350 миллиард теңгеден астам субсидия бөледі. Соған қарамастан, терең өңдеу өндірісі дамып жатқан жоқ. Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың ұлттық жобасындағы жоспарлар орындалмай жатыр.

Халықтың кредитті көп алуына тосқауыл қою. Бүгінде проблемалық кредиттердің көлемі жарты триллион теңгеге жетті. Миллионнан астам адамның өзінің банк алдындағы міндеттемесін өтеуге жағдайы жоқ. Олардың көбі әбден торығып, ескі борышын жабу үшін жана кредит рәсімдеуге мәжбүр. Сондықтан 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Жеке тұлғалардың төлем қабілетін қалпына келтіру және олардың банкроттығы туралы» Заң күшіне енуі тиіс. Кепілсіз онлайн-микрокредиттеуді қатан реттеу қажет. Кейбір елдерде оған толықтай тыйым салған. Осы тәжірибені зерттеген жөн.

Ауқымды кадрлық өзгеріс. Министрлер және әкімдер өзіне қолайлы адамдарды

Әлеумет.t⁰

ОТҚА ОРАНҒАН КҮЙМЕ

Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заңның қабылдануын күтіп жүргендер көп. Әсіресе, банкке берешегін төлей алмай (немесе *төлегісі келмей — ондай да болады*) қарызға белшесінен батқандардың бар үміті сонда.

Осы аптада журналистердің сауалына жауап берген Премьер-Министрдің орынбасары – қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев аталмыш заңның мақсаты несие қамытын сүйіреткен адамды тығырықтан алып шығу екенін айтты. Министрдің пікірінше, жұрттың жаппай несие алуына экономикалық жағдай түрткі болған. «Ауруын жасырған өледі. Экономиканы өркендетіп, инфляцияға қарсы күресу – кешенді шара» деп нақтылады ол.

Әрине, қаржы министрінің бұл сөзі отқа май күйғанмен бірдей. Өйткені соңғы кезде несиеқұмарлықты күнкөрістің төмендеуімен байланыстыратындар көбейді. Бұл шынымен солай ма?

Статистикаға сенсек, кредит алмағандардың саны үш миллионның ар жақ, бер жағында. Борышкерлер статистикасына ипотекасы бар, тұтыну несиеcін алғандар, шағын несие ұйымдарына берешек, онлайн-несиеге омалғандар (ен қорқыныштысы осы), сондай-ақ дүкеннен тауарды бөліп төлеу арқылы сатып алғандар кіреді. Бұларды кім жіктеп отыр? Мәселен, бізде тойға кредит алғандардың есебі жүргізіле ме?

Банктен онды-солды несие алып, бір-екі жылдың ішінде тығырыққа тірелген бір отбасы туралы айтайын. Салыстырмалы түрде соншалықты көп сома да емес. Анасының мойнында – екі миллион, ұлында – бір миллион екі жүз мың теңге. Анасы – зейнеткер. Ұлында жұмыс жоқ. Соңғы жұмысынан кеткеннен кейін банк алдындағы борышын төлей алмаған. Анасы қаржы пирамидасына ақша салам деп «батпаққа батқан». Қазір банк оның зейнетақысының тең жартысын ұстап қалады. Зейнетақысы 120 мың теңгеден сәл асады. Баласы жұмысқа тұра алмайды. Өйткені қайда барса да алдынан қарызы шыға келеді. Коллекторлардың туған-туысты былай қойып, жора-жолдас, құда-жекжат, көршінің көршісіне дейін телефон соғып, мазасын алатыны өз алдына (олар *сонша адамның телефон нөмірін қайдан, қалай табады десеңші*). Қазір анасы мен баласы тұйық шенбердің ішінде қалғандай. Банк карточкасы бұғатталған, басқалар қызығын көріп жүрген банк қосымшасын пайдалана алмайды. Жұмыс болса да жоқ. Бұл шенберден шығатын саңылау да көрінбейді!

Банкроттық туралы заң олардың тұйық шенберден шығуына септесе ме?

Қазір несиеіні төлей алмай, «қара тізімге» ену – қол-аяғыңды жіпсіз байлаумен бірдей. Шетелге шығуды айтпағанда, тотариалдық қызмет те көрсетілмейді. Ресми түрде жұмысқа тұра алмайсың. Сонда жұмыс істемейтін адам қарызынан қалай құтылмақшы? Неге екенін, оған ешкім бас қатырмайды. «Тап та таптың» астынан алады. Сондықтан несиеіні төлету үшін біріншіден, борышкердің жұмысқа тұруына кедергі келтірмеу керек. Екіншіден, ай сайын алатын жалақысына қолды молынан салмай, онтайлы төлем кестесін жасап беру керек. Бұл сұға батып бара жатқанды құтқарумен бірдей!

Банкроттық туралы сөз қозғалған сайын жапон жазушысы Миоки Миябэнің «Отқа оранған күйме» кітабы еске түседі. Шығармада 80-90 жылдардағы Жапонияның несие нарығындағы ахуал егжей-тегжейлі баяндалады. Міне, жапондардың баяғыда бастан кешірген жағдайы қазір біздің елде қалыптасты. Жылтырағы көп бүгінгі заман еліктіреді, желіктіреді. Қарыз алу от-жалынға оранып, зымырап келе жатқан күйменің ішінде қалғанмен бірдей. Ал одан секіріп түсу қиын. Сондықтан банкроттық туралы заң борыштан құтқаратын тәсілге айналмауы керек. Ол қарызға батпаудың алдын алуы тиіс. Сондай-ақ бала кезден қаржы сауатына үйрету маңызды. Қаржы министрі депутаттардың осындай ұсынысына қолдау жасайтынын жеткізді.

Гүлнар АХМЕТОВА

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ: ЖҰМЫС НАҚТЫ НӘТИЖЕМЕН БАҒАЛАНАДЫ



Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы. Ауыл мен қаланың ауқымында шешіле беретін тұрмыстық мәселелерді Үкіметтің деңгейінде қарауға мәжбүр болып отырмыз. Өйткені осы саладағы төтенше оқиғалар көбейіп кетті. Петропавл, Теміртау, Степногорск, Балқаш, Қарағанды, Ақтөбе және Риддер қалаларында болған апаттардың ешқайсысынан әкімдер мен министрлер, әсіресе, меншік иелері тиісті қорытынды жасаған жоқ. Екібастұзда болған төтенше жағдай бұл саладағы ахуалдың қаншалықты күрделі екенін айқын көрсетті. Қызметкерлердің жауапсыздығы, бақылау жүйесінің қауқарсыздығы мыңдаған адамды жылусыз қалдырды. Жауапты қызметкерлер қысты қалыпты режимде, аман-есен өткізіміз деп есеп берген. Бірақ іс жүзінде жағдайдың қалай болып жатқанын көріп отырсыздар. Энергетика министрлігі апатқа селқос қарап, бейтараптық танытты. Төтенше жағдай қызметінің жұмысы дұрыс жолға қойылмаған. Олар баяу қимылдады.

мың тонна өнім сақтайтын қойма салу жоспарланғанмен, оның 64 мыңы ғана пайдалануға берілді немесе жоспар 77 пайызға орындалды. Биыл жұмыс біршама жандана түсті: 98 мың тонналық қойма салу жоспарланып, соның 87 мың тоннасы қазірдің өзінде іске қосылды. Дегенмен бұл бағыттағы шаруаны әлі де ширата түсу керек. Бүгінгі таңда азық-түлік қауіпсіздігі елді өркендетудің басты шарты екенін түсіну қажет. Агрөнеркәсіп кешенін, әсіресе, ауыл шаруашылығы өнімін өңдеуді дамыту Үкімет пен әкімдер үшін басты басымдық болуға тиіс.

Ауылдық жерді дамыту. Ауыл жұртының көпшілігінде жер үлесі бар. Бірақ халық оның игілігін көре алмай отыр. Азық-түлік қауіпсіздігі бүкіл әлем бойынша басты мәселеге айналды. Биыл біздің елде астық мол шықты. Бірақ егінінің орташа шығымы әлі де төмен. Бұл салада заманауи технологияны қолдану өте маңызды. Шаруаларды осыған ынталандыру керек. Сондай-ақ тынайтықштың

азаматтары жұмыс істеуі керек деген қасаң түсініктен арылу керек. Адамның білікті болуы оның туған жеріне байланысты емес. Жұмыстың нақты нәтижесімен ғана бағаланады. Сонымен бірге квазимемлекеттік секторда тәртіп орнататын кез келді. Корпоративтік басқарудың икемді болуы – ойына не келсе, соны істеу деген сөз емес. Азаматтарды қызметке тағайындау барынша ашық және әділ болуға тиіс. Себебі бұл – ең алдымен, халыққа тиесілі мекемелер. Президент Әкімшілігі мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордағы тағайындауларды үнемі бақылауда ұстап отыруы керек. Жеке адамдардың мүддесін көздейтін кез келген әрекетке тосқауыл қойылуы тиіс. Мемлекеттік қызмет істері агенттігі жеке сектордағы білікті мамандарды мемлекеттік қызметке тарту үшін қолайлы жағдай жасауы қажет. Елімізді өркендетеміз десек, бәріміз бірігіп күш жұмылдыруымыз керек.



Аптаның сауалы

САУАЛ

Автосалондардың жеңілдетілген автонесие бағдарламасы бойынша 30 пайыз алдын ала төлем талап етуі қаншалықты заңды?

ЖАУАП

Қайырбек ӨСКЕНБАЕВ, индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі:

«Біз қазір заңды не заңсыз екенін тексеріп жатырмыз. Автосалондар жеке меншікте. Олар бизнес процестерін өздері құрады. Бірақ мемлекет бөлген қаражат бойынша олай істеуге ешқандай құқығы жоқ. Біз қазір бүкіл автосалон иелеріне ақпарат бердік. Олар мұндай талап қойылғанын үзілді-кесілді теріске шығарып отыр. Егер ондай нақты мәліметтер болса, бізге беріңіздер. Өйткені менеджерлердің өздері жергілікті орындарда заң бұзып отырған болуы мүмкін. Қалай болғанда да фактілер болса, бізге беріңіздер. Өйткені автосалон иелері де бұлай болғанына мүдделі емес».

Аптаның айтары

Жандос ӨМІРӘЛИЕВ, Бас прокурордың орынбасары:

«Құқық қорғау органдарының әскери қызметшілерінің қызмет орындарын тастап кету бойынша биылғы шілдеде заңға тиісті өзгерістер енгізілді. Адам өміріне қауіп төніп тұрған кезде немесе оның мүлкіне шабуыл жасау кезінде әскери қызметшілердің өзінің орнын тастап кету, өз өкілеттігін пайдаланбауға қатысты Қылмыстық кодекске жаңа бап енгізілді. Ондай басшылардың қылмыстық жауапкершілігі көрсетілді. Бұған дейін де болған, алайда енді нақты бап енгізілді. Олар 10 жылға дейін бас бостандығынан айрылады».



жазасыз қалмас едік», — деп еске алады Серік дос.

Жасыратыны жоқ, сол суретті кейін көп ізделім. Бірақ таппадым. Орталық архивтен, ІІМ, МКК мұрағаттарына таныстар арқылы сұрау салдым. Нәтиже болмады. Жер жұтып кеткендей зым-зия. Ол суреттер қайда кетті?



АР ЖАЗАСЫ – БАР ЖАЗАДАН АУЫР

Біз кейде ұлт алдындағы қарызымыз бен парызымызды дұрыс түсінбей жүрген сияқты көрінеді. Кейде оп-онай ұмыта саламыз, кейде «болар іс болды, бояуы сінді» деп кешірімпаз болуға даяр тұрамыз, келісімпаздығымыз да жоқ емес, әйтеуір, сиырқұйымшақтатып аяғына дейін жеткізе алмай жатынымыз бар. Мысалы, соңғы кезде маған осы біз Желтоқсанның алдында сатқындық жасап жүрген жоқпыз ба деген ой келетін болды. Мұндай қыжыртпа ой бекерден-бекер келмесе керек.

Алдымен айтатыным, Желтоқсан көтерілісі кімнің кім екенін танытқан оқиға болды. Креслода отырғанда шіреніп, тәкаппарланып, менменсіп жүрген біраз лауазым иелерінің бетпердесі сыпырылып түсті. Әсіресе, қазақ элитасының абыройы мен беделіне сын болды. Сол кездегі ел басындағы қазақ басшылар әділетсіздікті көре-біле тұрып, бұғып қалды, қарсы әрекетке бармады, келісімпаздық танытты. Көпшілігі қысымға шыдамай сынып кетті, оқиғаға жалған куәлік берді, өз қазағын өзі дұшпан қылып көрсетті, өз қазағына өзі жала жауып, бірін-бірі жау көргендей азаптады, ұрып-соқты, соттады, түрмеге тықты.

Алаңда және алаңның сыртында да адам жаны түршігетін оқиғалар көп болды. Қаншама жастың тағдыры тәлкекке ұшырады.

Көтерілістен соң қазақ жастарына қатысты 2117 қылмыстық іс қозғалып, 8500 адам әр түрлі жауапқа тартылды, 2000-нан аса адам солдаттар мен жасақшылардың сокқыларынан әр түрлі дене жаракатын алған, олардың көпшілігінің жаракаты аса ауыр еді. Айтыңызшы, осы жайт береуді ойландырды ма? Жоқ. Әркім өз басымен әуре болып кетті.

Желтоқсан қасіретіне байланысты ең күрделі мәселенің бірі — екіжүзді сатқындар, арандатушылар, жалған куәлік еткендер мен ұсталғандарды себепсізден себепсіз ұрып-соққандар мәселесі. Келісімпаздар мен жағымпаздар, бейтарап ұстанымда болғандар мәселесі де күйіп тұр. Мәселен, жазалау шараларын жүргізуге кімдер нұсқау берді? Оны қалайша және кімдер жүзеге асырды? Кімдер жалған ақпарат таратты? Міне, осы сұрақтарға әлі нақты жауап берілген жоқ. Содан бері отыз бес жыл уақыт өтсе де, сол спектакль-шоуды ұйымдастырып, нұсқау бергендер, нұсқауды беті бүлк етпей мұлткісіз орындаған біраз жеңдеттердің аты-жөндері халық алдында ашық жария етіліп, айыпталса да, талап етілсе де, тиісті жазасын әлі алмай келе жатқаны өкінішті.

Сонда жазалаушылар мен жеңдеттер неге тиісті жазаға тартылмайды? Оған не келергі? Әлде зан қауқарсыз ба?!

Менінше, бұған ең басты себеп, осы сұмдықты істеген, оған жол берген, жүзеге асырған адамдар билік басында қамшысын үйіріп әлі отыр. Олар билік басында отырғанда Желтоқсан шындығы ашылады деп үміттенудің өзі күлкілі.

Бір қызығы, Қонаевқа сатқындық жасағандар, кейін Колбинге де сатқындық жасады. Күлесін бе, жылайсың ба?

Желтоқсан қасіретіне қатысты қоғам назар аударуға тиіс үлкен мәселенің бірі — ар-ождан мәселесі. Осы мәселеге байланысты, Желтоқсан қарсаңында мол мүмкіндік туып отыр. Ол қандай мүмкіндік? 1986 жылы ешбір алаңсыз бейбіт түрде алаңға шыққан жастарды ұрып-соққандар, қанға бөктіргендер, нұсқау бергендер, арандатқандар, жала жауып жазаға таратқандар, соттағандар, жалған куәлік бергендер, желтоқсаншыларды көрсеткендер, заңсыздыққа итермелегендер, сөйтіп әділетсіздікке жол бергендер халықтың алдында тізерлеп тұрып кешірім сұрауы керек. Жазалауға қатысқандар алған марапаттарын қайтаруы қажет. Біздің есебімізше, осы уақытқа дейін 42 адам ғана алған марапаттарын қайтарған. Желтоқсанда кім қандай марапатқа не болды, кім қайтарды, кім қайтармады, ол тізімнің бәрі біздің қолымызда бар. Керек десеніз, біздің қолымызда Желтоқсан оқиғасы кезіндегі қырғынға жауапты 5000 адамның аты-жөні жазылған тізім сақтаулы тұр. Көзі келгенде оны да жариялаймыз. Бұл не үшін керек? Бұл кейінгілерге сабақ болу үшін керек, енді мұндай қасіреттің қайталанбауы үшін керек.

Ар жазасы — бар жазадан ауыр. Қайталап айтамын, біздің алдымызда акталудың қажеті жоқ, әркім өз арынын алдында ақталып, кімге тізесі батты, кімге қасірет шексізді, қай жерде қателік жіберді, солардың алдында кешірім сұрасын.

Өтер іс өтті, болар іс болды десек те, Желтоқсанның сабағы ашы болғаны анық. Ащы болғаны сондай, сонда алған сокқыдан әлі есімізді жинай алмай жатқан жайымыз бар. Бұл, сөз жоқ, өткеннің қатал сабағынан алған негізгі тағлымымыз.

Біреулер Желтоқсанды неге қайта-қайта сөз ете бересіндер, сондағы максаттарың не деп кіжінеді. Өйткені Желтоқсан көтерілісінің тарихи маңызын дұрыс түсінбей, кеңес идеологиясымен жүргендер арамызда әлі көп. Көпшілігі — орыстілді тұрғындар. Керек десеніз, КСРО-ны көкесейтіндер бар. Желтоқсанды еске алғанда, жүрегі қан жыйлайтын азаматтарымыз ол туралы айтып отырмаса, жастардың құлағына құйып отырмаса, біреулер оны ұмыттырып жібергісі келеді. Жас қазактардың елдік, ерлік істері туралы қайта-қайта еске салып отырсақ, келер ұрпақтың есінде қалары сөзсіз, ол — біздің азаматтық парызымыз. Жаңа Қазақстан жастары Желтоқсан қасіретін білмесе, Тәуелсіздік қадірін қайдан біледі?! Менінше, жас қазақтар өзінің өткенін білуі керек, содан сабақ алуы тиіс.

Жазып алған Әйгерім ЖЕТІГЕН

(Басы 1-бетте)

Бір сөзбен, Желтоқсан көтерілісі сананы сілкіндірген, әлем картасына өзгерістер мен түзетулер енгізген қозғалыс болды. Содан кейін көп кешікпей әлемнің саяси картасында ондаған тәуелсіз мемлекеттер пайда бола бастады.

Желтоқсан көтерілісі — қазақтың ұлттық рухының қуатын, елдік пен ерліктің мұратын, майысса да қайыспайтын қайратын танытты. Жас қазақ демократиясының бұл бас көтеруі — Тәуелсіздік жолындағы көп қозғалыстардың бірі емес, бірегейі деп аспанға көтеретініміз сол себептен. Оны еске алғанда тебіренетініміз, тебірене отырып толқитын, күрсінетін, күрсіне отырып көзімізге жас алатындығымыздың да себебі — сол!

Бірақ алаңға ұлттық намыс пен ар-ұят алып шыққан жас қазақтар кейін өздеріне «маскүнем», «нашақор», «бұзақы», «ұлтшыл элементтер», «қоғамға жат, қауіпті адамдар» деп сенімсіздік танытып, жала жабылатынын ол кезде білген жоқ еді.

ҰЛТТЫҚ СЕЗІМ ЖАРАЛАНҒЫШ... ӘРІ ҚУАТТЫ БОЛАДЫ ЕКЕН

Сол бір нақактан қан төгілген, жазықсыз жаза кесілген қасіретті күндердің куәгері ретінде, бүгін бір халықтың ұлттық сезімін қорлаған тоталитарлық жүйеге қазақ жастарының өз сана-сезімдері мен ерік-жігерге сүйеніп қарсы шыққанын, бар жан-жүрегін салып күрескенін айқайлап айтып, куәлік ете аламын. 16 желтоқсаннан бастап үш күн бойы намысы қор болған, рухы жаншылған халқына қалқан болғысы келіп, жеңдеттермен жан алысып, жан беріскенін өз көзіммен көрдім. Ұлттық сезім жараланғыш әрі қуатты болады екен. Ұлттық сезімнің шамына тисең, таудың өзін бұйым көрмей қопарып тастайтындай алапат күшке ие екен.

Болат ШАРАХЫМБАЙ:

«ЖЕЛТОҚСАН ҚАСІРЕТІН БІЛМЕГЕН, ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАДІРІН БІЛМЕЙДІ»

Міне, солдаттар қазақтың ұлттық сезімін қорлап, аузына келгенін құсып, балағаттап, жанына тиетін сөздермен келемеждеп жатқанда, шыдау онай болмады. Өйткені жас қазақтардың ұлттық рухы жоғары еді, намысы бар еді, ұзақ жылдар іштей бұлқынып, бықсып жатты да, бір күнде жарылды. «Мен жанбасам лапылдап, сен жанбасаң лапылдап, ол жанбаса лапылдап, аспан қалай ашылмақ» деп жырлаған ақынның жан айқайын мен сонда түйсінгендей болдым. Түйсінгенім сол — мұзда жанған алауға көзсіз түсіп, лапылдап жанып кеттік.

Білесіз бе, сол дүрбеленнен кейін біз қазақ жігіттері, көшеге шықпауға, көзге түспеуге тырыстық. Көшеде кездейсоқ кездесіп қалудан жалтарып жүрдік. Бір-біріміздің көзімізге тіке қарауға батылымыз жетпеді. Неге дейсіз ғой? Себебі біздің әрқайсымыздың көзіміз толған жас еді, жүрегімізде запыран еді. Ол ұяттың көз жасы болатын, намыстың запыраны болатын. Сәл болмаса, еніреп жылап жіберуге шак тұрдық. Себебі жеңдеттерден жеңіліс тапқанымызды намыс көрдік, әділетсіздікке күйіндік, қорландық. Іштегі ызадан, қайнаған кектен көзіміз бұлдырап, ештеңе көрмей қалды. Қорлықта өмір сүрудің қандай ауыр азап екенін сонда тұңғыш рет жан-дүниеммен сезінген шығармын. Тағы да қадап айтамын, ұлттық сезім өте нәзік әрі жараланғыш болады екен. Ұлттық сезім бас көтергенде көзін су қараңғы болып, түк көрмей қалады екенсің... Желтоқсан көтерілісі маған осыны үйретті.

Ол кезде мен Алматы шет тілдер институтында оқитын едім. Желтоқсан оқиғасынан соң институтқа жоламай, он күн үйде жатып алдым. Анығы, жалдамалы пәтердің астындағы тесігі сығырайған кішкентай жеркепені мекен еттім, он күн бойы соны паналадым. Көшеге шықсам, ұсталатыным анық еді. Бет-аузы тілім-тігім, күп болып ісіп кеткен адам бірден көзге түседі емес пе! Дәрігерге барған жоқпын, барсам, бір бөлеге жолығып қалам ба деп ойладым. Оның үстіне жұбайым дәрігер болып істейтін, ол да емханаға баруымды қаламады. «Үш әріптің» адамдары жер-жерді іт сияқты тіміскілеп, ереуілге шыққандарды іздеп жүргендерін содан естіп, біліп жаттым.

Жаstarға қарсы шокпар, күрек қолданып, ит шығарады деп кім ойлаған? Сол секілді бір ұлтты екінші бір ұлтқа қарсы қояды деп ешкім күткен жоқ. Бұл дүниеде көңілі даладай дархан, ақ жүрек екі ұлт болса, біреуі — қазақ, екіншісі — орыс еді. «Қаңғып келген шүрегей» Қолбин осы екі ұлттың ортасына от жакты, бір-біріне айдап салды. Бұл енді шовинизмнің барып тұрған шыны еді. Қазақтарға «антисоветтік көзқарастағы ұлтшылар» деп айдар тақты, орыс жұмысшыларын «тәртіп жансақшылары» деп атады, шындығында олар «жазалаушы отрядтар» еді. Сөйтіп бірге жүрген қызметтестер, достар бір-ақ күнде «ата жау» болып айбалталарын көтеріп шыға келді. Оны айтасыз, орыс тілді және қазақ тілді болып қак жарылды. Тіпті қазақ пен қазақ ұрланып, сыбырласып сөйлесетін дәрежеге жеттік. Қазір осы екі ұлттың ортасына оңайлықпен

өшпейтін, шірімейтін сына қакқанын нақұрыс Колбиннің өзі білді екен, білмеді ме екен деп ойлаймын...

МЕНІ ЖАЛАДАН ҚҰТҚАРҒАН ҰСТАЗЫМ СӘБЕТҚАЗЫ АҚАТАЕВ

Желтоқсан оқиғасы — менің тағдырыма батпан таңбасын қалдырған, өмірімнің ең шетін әрі қайшылықты парағы. Ол күндерді еске алу мен үшін өте ауыр. Дегенмен өткеннің сабағын айту бізге парыз ғой.

Үйде екі күн жатып, есімді жиғасын 20 желтоқсан күні танертең институтқа баруға жинадым. Сабакка бармасам, жұрт көзіне көрінбесем, күдікке ілінетінімді іштей сездім. Бірақ институтқа жетіп үлгермедім. Стадионнан түсіп, жаяулатып Құрманғазы көшесін кесіп өте берген жерде ұстазым Сәбетқазы Ақатаев қарсы жолықты. Әдеттегідей сәлем бердім. Ол менің күйімді көріп, жағдайды бірден түсінді. «Менің тілімді алсаң, бүгін институт жаққа бармай-ақ қой, онда қазір фотосуреттер арқылы алаңға кімдердің барған-бармағанын білу үшін іздеу салып жатыр. КГБ-ның құрығы ұзын ғой, бір бөлеге ұшырап қаларсың. Ең дұрысы, осы келген ізінмен қайт, ешкімнің көзіне түсуші болма, оқиға туралы жан баласына тіс жарма. Оқуға жана жылдан кейін бір-ақ келерсің», — деді. Күштегендей қолтығымнан алды да аялдамаға дейін бірге барып, автобуска мінізіп салды. Әлі күнге ойлаймын, егер орта жолда Сәбетқазы ағамыз кездейсоқ жолықпағанда, ақыл-кенесін беріп кері қайтармағанда, «үш әріптің» құрығына түсіп, босқа күйіп кетер ме едім, кім білсін?!

Сонда ұстазымның кеңесімен бой тасалап үлгергенім қандай жақсы болған.

Мұнда «бой тасалау» деген сөзді бекерге қолданып отырған жоқпын. Оның өзіндік себебі бар. Он күн ұйкамақта отырғанымды жоғарыда айттым, институтқа жана жылдан кейін бір-ақ келдім. Келген бетте топ жетекшіміз Күләйхан апай (*тегің ұмытып қалыптың, өзі Қазығұрттан, маған жерлес кісі болатын*) өзіне шақырды. Бәрі бітті, аспаннан кара бұлтты төңдіретін шығар деп ойлағам, алайда апай ұрыспады, тіпті тіс жармады. Бар айтқаны: «Болат, сенің осы уақытқа дейін қайда жүргеніңді, не себептен сабакта болмағаныңды, не істегеніңді сұрамаймын. Бірақ ішім сезеді... Институтқа тергеушілер келді, олар осында әлі жүр. Тергеушілер «алаңға кімдер барды, кімдер бармады» деп сұрастыра бастағаннан-ақ жағдайдың тым күрделі екенін түсіндім. Алдымызға

бір бума фотоальбомды жайып салып: «Мына суреттерді бір-бірлеп қарап шығыңыздар, мұқият қараныздар, таныстарыңызды кездестірсеніздер, айтқыңыздар», — деді. Неше түрлі суреттерді көз алдымыздан өткіздік, барлығы өзіміздің қазақтың өрімдей қыздары мен жігіттері. Кейбірімен күнде кездесеміз. Олардың «нашақор», «маскүнем», «қоғамға жат адамдар» екеніне сенбейсін. Суреттерді аударып отыр едім, бір таныс бейне сопан етіп шыға келді. Сурет көзіме оттай басылды. «Астапыралла, мынау Шарахымбаев қой!». Тап өзі. Бірақ сыр білдірмедім. Басына орамал ма, шүберек пе, бірдене байлап алыпсың, молдалар сияқты. Сурет түнде түсірілгендіктен көмескіленіп шығыпты және бір қырынан түсіп қалыпсың, тану қиын, әрине. Алайда сен екеніңді мен таныдым. Бөлмеде үш-төрт оқытушы бірге отыр едік, солар танып қала ма деп қатты қауіптендім, абырой болғанда байқамады. Бірақ ішімнен қатты қорқып отырдым. Тергеушілер әккі келеді емес пе, әр қимылымды қалт жібермей бағып отырды. «Мынау суреттегі жігіт сіздің студентіңіз емес пе, неге танымай өткізіп жібердіңіз?» десе, бәрі бітті ғой!.. Болар іс болды, енді байка, арандап қайтып жүрме. Ауызына не бол, сені андушылар көп», — деп ескертті. Ең қызығы, басыма ақ бөкебай байлап алған осы суретімді құртас досым Серік Қайыпбаев та көріпті. «Тергеушілер бір бума суретті маған да көрсеткен. Таныстарыңды көрсен, айт деген. Өлсем айтқан ба?». Мен қателесуім мүмкін емес, тура сенің суретіңді көрдім. Басына неге ақ орамал байлап алғаныңды білмеймін, мен бөрібір таныдым. Алайда тергеушіге танығанымды білдірмедім. Танып тұрып жасырғанымды біліп қойғанда, екеуіміз де



шукитын еді. Осы ма еді маған керегі?! Соңғы кезде жауырды жаба тоқығысы келетін біреулер «ұсталмағандар мен сотталмағандар желтоқсаншы емес» деген сынайда сөз шығара бастады. Оттаған сөз, араға от тастау, арандату. Мұндай өресіздікке жол берілмеуі керек. Мысалы, мен сол үш күнде көрмегенді көрдім, естімегенді естідім, солдаттардың тепкісінің астында қалдым, ұсталдым да, бірақ ретін тауып құтылып кеттім. Құтылып кеткенім үшін мен кінәлі емеспін ғой, мені құтқаруға қатысқан адамдардың да кінәсі жоқ. Қайта ұсталмағаныма, сотталмағанымға шүкірішілік етемін.

Ал өзіне келетін қауіпті біле тұра, біреулер сияқты сынып кетпеген, қорықпаған, өз арының алдында адалдығын сақтаған қос ұстазым мен Серік досыма, қиын жағдайда қалғанда түсіністікпен қарап, орта жолда автобустан түсіріп кеткен тәртіп сакшыларына, жол бойында өлімші болып, әлсіреп жатқанда бір ауыз сөз айтпай үйге жеткізіп салған жүргізушіге және басқа да тілекші болған жандарға алғыстан басқа айтарым жоқ. Бұл күнде қай салада, не жұмыс аткарып жүрсе де баршасына рахмет айтып, құрметпен басымды иемін.



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

SERP

Өнер

Мәдениет ошағы – Алматы төрінде XVI халықаралық «Еуразия» кинофестивалі шымылдығын ашты. Еліміздегі ең ірі, ең беделді, әрі Халықаралық кинопродюсерлер қауымдастығының (FIAPF) аккредитациясын иеленген жалғыз отандық кинофорум пандемияның салдарынан екі жыл өтпей қалған болатын. Биыл уақыттың тығыздығына қарамастан, ұйымдастырушылар сапалы туындыларды жинап, кино әлемінде өзіндік орны бар отандық режиссерлердің фильмдерін көпшілікке ұсынамыз деп отыр.

өткізілген жок, кинотеатрлар жабылды. Бүгін жағдай өзгерді, араға екі жыл салып «Еуразия» кинофестивалін қайта жандандырдық. 1998 жылы Алматыда негізі қаланған фестивальмен, міне, қайта қауыштық».

Фестиваль мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысымен Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының көмегімен түсірілген Сәбит Құрманбековтің «Боран» фильмінің әлемдік премьерасымен ашылды.

үздік отандық фильм кірді. Ұлттық байқауда Токио кинофестивалінде режиссура үшін сыйлық алған Дәрежан Өмірбаевтың «Ақын» картинасы, Берлинале-2022 Generation секциясында бас жүлде жеңген Фархат Шәріповтің «Схема» атты киносы және көптеген халықаралық кинофестивальдерде көзге түскен Айжан Қасымбектің «От» фильмі ұсынылған. Сондай-ақ мұнда киноорталықтың ең табысты туындысы Айдын Сахаманның «Дос-Мұқасан», биыл Қазақстаннан «Оскар» сыйлығына ұсынылған Әмір Байғазиннің «Өмір», Алдияр Байрақымовтың «Паралимпиадашы» және Азиз Заировтың «Мама, мен тірімін» картиналары көрсетіледі. Сонымен қатар, бұл байқауда Серік Апырымовтың «Ауыл» фильмінің әлемдік премьерасы күтілуде. Конкурстан тыс «Ерекше оқиға» бағдарламасының көрсетілімдері

президенті Гүлнара Әбікеева: «Еуразияны» қайта жандандыра алатынымыз үшін өте қуаныштымын. Екі жыл бойы кинофестивальдің өткізілмеуі – өткір мәселе. Егер биыл ол тағы өткізілмесе, әлем бізді мүлде ұмытар еді. «Жылдар бойы жиналған бедел бір сәтте құриды» деген сөз бар. Оның фестивалге де қатысты бар десек, артық айтқанымыз емес. Қазір киноөнім аз, бұл да «Еуразияның» бірнеше жыл бойы өткізілмеуінің салдары. Аймақтың жетекші фестивалі деген мәртебені сақтап қалу керек, әлем үшін қызықты болу керек, отандық кино жайында мейлінше көбірек айтылуы керек. Біздің кинофестивальдің мақсаты мен міндеті де осы. Фестиваль құрылған сәттен «Еуразия» дәстүрінде өскен қазақстандық кинематографистердің тұтас буыны қалыптасты. Бүгінде қазақстандық кинематография жоғарғы деңгейге жетті, сол үшін де оған жеке-дара ұлттық байқау белгіленді. Онда халықаралық кинофестивальдерге қатысып, жеңіске жеткен фильмдер және кең аудитория арасында табысқа кенелген картиналар да бәсекеге түседі», – деп атап өтті.

Фестивальдің басқа іс-шараларынан өндіріс сатысында тұрған отандық туындыларды ұсынатын Work-In-Progress бағдарламасын бөліп көрсетуге

ҚОШ КЕЛДІҢ, КИНО МЕРЕКЕСІ!



Өткенде кейбір жазғыштар фестивальге жұмсалатын қаржыны тәртіштеп, ши шығарғысы келген. Соған орай мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев алдыңғы фестивальге 900 миллион тенге жұмсалғанын, биыл министрлік ол шығынды екі есе қысқартқанын айтқан еді. «Сондай-ақ фестиваль тұрақты түрде өткізілмесе, халықаралық кинопродюсерлер қауымдастығы аккредитациядан алып тастайды. Елімізде түйткіл көп, онымен келісемін. Дегенмен бұл көп пайда әкелетін ірі мәдени іс-шара екенін атап өткім келеді», – деді ол.

Кинофестивальдің ашылу салтанатында мәдениет және спорт вице-министрі Ержан Еркінбаев сөз сөйлеп, мәдени шараға қатысушылар мен көрермен қауымды құттықтады. «Еуразия» кинофестивалінің президенті – белгілі режиссер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ардақ Әмірқұлов былай деді: «Пандемия кезінде көптеген мәдени шаралар тоқтады, фестивалдер, концерттер



Картина халықаралық байқауға қатысады, онда одан бөлек, 14 фильм бәсекеге түседі. Олардың ішінде Франция, Чехия, Түркия, Украина, Грузия, Ресей, Иран, Әзірбайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Қытай картиналары және киноорталықтың көмегімен түсірілген тағы бір отандық туынды – «Ағайындылар» фильмі бар. Жас режиссер Дархан Төлегеновтың фильмі жақында Германиядағы Oldenburg International Film Festival беделді кинофестивалінде қазылар алқасының арнайы сыйлығын алған болатын. «Еуразияда» халықаралық деңгейден бөлек, конкурстық бағдарлама – ұлттық байқау болады. Оған соңғы екі жылда түсірілген 15



жоспарланған. Онда әр түрлі дәуірлер мен жанрлардағы әлемдік кино қайраткерлерінің, соның ішінде мерейтойлық фильмдердің ретроспективалары ұсынылады. Ал қазіргі заманғы қазақстандық қысқаметражды киноға арналған «Жаңа есімдерді ашу» бағдарламасы бойынша 2020-2022 жылдары түсірілген жас режиссерлердің үздік 15 фильмінің көрерменге ұсынылады. Бұл бағдарламада киноорталықтың тағы бір жұмысы бар. Ол – Аруан Анартаевтың «Ыстық көл» қысқаметражды картинасы. Фестивальдің бағдарламалық директоры, Қазақстан киноснышылар қауымдастығының



болады. Бұл, әсіресе, продюсерлер мен кинофестиваль тандаушылары үшін қызықты болады. Сонымен бірге, киноиндустрия шеберлерімен шеберлік сыныптары мен тренингтер өтеді. Қазылар алқасының мүшелерімен, фестивальдің шетелдік және қазақстандық қатысушыларымен дөңгелек үстелдер мен баспасөз конференцияларын да өткізу жоспарланған.

Айта кетейік, кинофестиваль 18 желтоқсанға дейін жалғасады. Алматы тұрғындары мен қонақтары Forum ойын-сауық орталығындағы кинотеатрларда кинофорум аясындағы фильмдерді тегін көре алады.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Ой-толғам

Алты құрлықтағы адамзат баласының бар назарын өзіне аудартқан Қатардағы футбол тойы нағыз қызған тұсында қазір. Азия құрлығындағы аламанда адам айтса сенгісіз сенсациялық оқиғалар болып жатыр.

Марокко ұлттық құрамасының жартылай финалға шығып, тарихтың жаңа парағын ашуының өзі неге тұрады! Африка құрлығынан әлем чемпионатына қатысушы елдердің бұған дейін ешбір жартылай финалға жеткен емес. Африкалық құрамалардың арасынан 1990 жылы Камерун құрамасы ширек финалға дейін барып, Англиядан аса алған жок. 2002 жылы Сенегал футболшылары топтан шығып, ширек финалда Түркия командасына есе жіберген. 2010 жылы Гана құрамасы жартылай финалға сынық сүйем жетпей қалды. Уругвай құрамасына пенальтиде есе жіберіп. Ендеше, Африка құрлығынан алғаш болып жартылай финалға жеткен Марокко футболшыларының жетістігін тарихи оқиға деп бағалауға әбден болады. Ширек финалда Марокко футболшылары Португалия ұлттық құрамасын 1:0 есебімен ұтты. Әлемнің таңдаулы футболшыларының көшін бастаушылар санатындағы Криштиану Роналдудың «әлем чемпионы атансам» деген өппақ арманын Жиеш бастаған сандақтар тас-талқан етті. 37-дегі Роналду үшін Қатардағы аламан соңғы әлем чемпионаты болуы мүмкін. Оның еншісінде «Алтын доп», «Алтын бутсы» қос-қостан бар. Еуропа чемпионы деген атаққа да ие болды. Клубтар арасындағы бәсі жоғары тартыс UEFA чемпионат лигасында да ұтты. Жетпей тұрған әлем чемпионы атағы еді. FIFA рейтингінде Португалия құрамасы 9-орында, ал Марокко 22-сатыда. Осы әлем чемпионатынан кейін рейтингте марокколықтар сөзсіз өрлейді.

Әлем чемпионы атағы бар Испания құрамасын 8/1 финалда пенальтиден



ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ ҚУАТЫ

ығыстырған, ширек финалдық тартыста Португалия перілерін атынан аударып түсірген Марокко футболшыларының феномені не? Ол, әрине, ұлттық рух. Осы күнде Қатардағы әлем чемпионатынан трансляция жүргізген неміс комментаторы айтты деген сөз аңызға айналып кетті. Неміс комментаторы бүй деді: «Марокколықтар ата-ананы сыйлаудың, Аллаға бір табан жақындай түсудің қандай керемет екенін әлем алдында паш етті. Басқа елдің футболшылары әлем чемпионатына әйелін, болмаса ашынасын ертіп келіп, сайрандап жүр. Ал марокколық футболшылардың әрбір жеңісіне стадионның жиегінен қуаныштан шыққан жасы көзінің алмасын жуып, жаулығы желбіреп аналары отыр. Олар қартты қалай құрметтейтінін тағы бір дәлелдеп берді. Батыста отбасы құндылығы жойылуға шақ, ал марокколықтар жаңуы жылуы ата-анадан бастау алатынын әйгілеп берді. Марокко құрамасы кезінде футбол ойнауда бізден үлгі алса, біз олардан отбасы құндылығын құрметтеуді үйренуіміз керек».

Анань тілегі күмәнсіз қабыл болады дейді. Расында да, Марокко ойыншылары әрбір жеңісінен кейін



стадионды дуға бөлеген қалың көрерменнің арасынан жаулығы желбіреген аналарына алдымен барып құттықтап, тілті ортаға шығарып билетіп те жүрді. Қандай жарысымды, жүрегінің нәзік сезімін қозғап жіберетін көрініс!

Төрт жылда түлеген футболдың қандай болатынын Африканың мұсылмандары осылай дәлелдеп берді. Әйтпесе, 2018 жылы Ресейде өткен әлем чемпионатының топтық ойындарында Иран құрамасынан 0:1, Португалиядан да 0:1 нәтижесімен ұтылып, Испаниямен тең түсіп (2:2) топтан шыға алған жок.

Бірақ ол кездегі құраманың қарқыны дәл бұл жолғыдай емес еді. Өйткені төрт жыл бұрынғы әлемдік аламанда бүгінде күллі футбол мамандарының назарында жүрген сайыпқыран сандақтар қатысқан жок. Мысалы, қақпашы Яссин Буну. Ресейге барды, тізімде жүргенімен алаңға шыққан жок. Ол кезде жасы 27-де еді. Ал Қатарда қандай жарқырап ойнады. Испания футболшыларының бір емес үш пенальтиін қайтарған осы Буну. Қорғаушылар Нуссайыр Мазрауи, Найып Агерд, Жабал Елямик, Яхия Агтийят 2018 жылы құрама сапына қабылданғандар тізімінде болмады. Ал қазір жарқырап жүр жігіттер.

Хакимидің, Ұнайдың, Сабридің, Закарияның жасы жиырма бестің о жақ бұ жағында, пышақтың жүзіндей қалпып тұр. Марокко футболы бұл биікке қалай жетті? Ең алдымен, елде үлкен реформа жүрді. Тұлпар болар жүйрікті құлын күнінен танитыны секілді, талантты балалардың қанатын қатайтып, томағасын сыпыру мақсатында футбол академиясын ашты. Осы күнде ұлттық құраманың сапында ойнап жүрген жампоздардың біразы әлемнің үздік клубтарында доп тебеді. Осындай он бес жыл бұрын бұл елде футболдың даму көрсеткіші күш ала қоймаған еді. Ал бүгінде әлемге әйгілі футболшыларды өсіріп шығаратын мекенге айналып келеді. Алдағы уақытта марокколықтар мектепте оқитын футболға қабілетті балаларды үйірмеге жазып, оның ішінен үздіктерін академияға алмақшы. Қиыр жайлап шет қонған ауыл-ауылдан талантты балаларды теріп алып, оқытуды қолға алмақ.

Ұлттық рухты намысқа суарудың, мемлекетшілдік, отаншылдық ұғым-түсінікті сүйегіне өткізе сіңірудің қандай болатынын Марокко футболшылары дәлелдеп берді!

Тағы бір көңіл сүйінетін, көзін тоғайтын көрініс бар Қатардағы әлем чемпионатында. Марокколық жанкүйерлер әрбір матчтан кейін стадионды тазалап, көрермендерден қалған затты жинастырып жүр. Бұған дейін Жапония елінің жанкүйерлері де осындай үлгі көрсеткен болатын. Адами қасиет деген осы шығар.

Қуан PAXMET

Жас қалам

ҚЫСТЫҢ СӘНІ – СЫРҒАНАҚ ШЫМБҰЛАҚ



Еліміздегі танымал демалыс орны Алматы маңында. Медеу мұз айдынынан сәт биік. Іле Алатауының жотасында орналасқан. Бұл спорт

көшені 1954 жылдан бастап тау шаңғысы спортшыларының сүйікті орнына айналды. Соңғы 10-15 жылдан бері қала тұрғындары мен қонақтары қыс басталса, шаңғысын көтеріп осы жаққа қарай ағылады.

Каланың қара түтіні көтерілмейтін Шымбұлақта таза ауамен тыныс алып, шаңғымен немесе сноубордпен сырғанап қайту үшін барлық жағдай жасалған. Мұнда сырғанақ маусымы қарашада басталып, сәуірдің ортасына дейін созылады.

Медеу мен Шымбұлақ арасында жүретін 4,5 шақырымдық аспалы жолдар салынған. Осы жолдар арқылы тау шаңғысы кешеніне он бес минутта көтерілуге болады.

Күнделікті күйбеннен шаршадыңыз ба? Онда Шымбұлаққа барыңыз. Шанғы тебе алмасаңыз да, қыстың атмосферасын сезініп, бір демалып қайтасыз!

МЕДЕУ

Елдегі нөмір бірінші мұз айдыны. Конькимен жүгіруден әлемдік рекордтар соны бойынша көшбасшы.

Қазақстанда жұрт ең көп келетін спорт көшені. Бірегей сәулет ескерткіші. Қыс мезгілінде жастар Медеуге барғыш. Демалыс күндері атақты мұз айдынында конькимен сырғанап, сергіп қайтқанға не жетсін! Медеудің мұзында сырғанау оңай. Көпке дейін жағымды әсермен көңіл-күйің көтеріңкі жүретін сиқыры бар. Ауасы таза.

Медеуге барғанда әдемі киінудің қажеті жок. Ықшам әрі жылы болғаны дұрыс. Бір жақсысы, қазір қысқы спортпен шұғылдануға арналған киімнің түр-түрі бар.

Сырғанау маусымы басталғанды көп адам Медеуде конькиді жалға алу құны мен билет бағасын білгісі келеді. Біздіңше, онша қымбат емес. Мәселен, конькиді жалға алу: ересектер үшін – 800 тенге, балаларға – 500 тенге. 7 жасқа дейінгі балалар, мүгедектер және зейнеткерлер тегін кіреді. 14 - 22 жастағылар билетті 400-800 тенгеге, ересектер (22 жасстан жоғары) 600-1500 тенге. Мұндай баға студенттердің де қалтасына салмақ салмайды.



Нұржігіт АЙДЫН,
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің менеджмент және халықаралық коммуникация факультетінің 1-курс студенті

(Басы 1-бетте)

«Қазіргі таңда үлкен бір жарыс ұйымдастырудың өз киыншылықтары бар екені рас. Игілікті спорт шарасын өткізуді қолға алсан, оны өткізетін орын табу мұңға айналады. Дегенмен желтоқсан батырларына деген құрмет, қошеметі жоғары азамат жігіттеріміз әлі де

етіміз үйреніп қалғаны белгілі. Оған сондай бір көңіліміз де қалған жоқ. Әйтпесе, Тәуелсіздіктің бастау бұлағы желтоқсан көтерілісі емес пе», — дейді турнирді ұйымдастыру алкасының төрағасы, журналист желтоқсаншы Ақын Ордабайұлы.

«Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Болат Құрымбаев биылғы жылы бірлестік бірнеше

TIRSHILIK

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz



айттық, келешекте «Кайрат» футбол клубының даңқты ардагерлерімен желтоқсаншылар арасында турнир өткізсек деген жоспарымыз бар. Мұның барлығы да жас ұрпаққа үлгі көрсетіп, салауатты өмір салтын насихаттау», — деді.

Сазгер, акын, колөнер шебері, халыққа өзінің жасаған туындылары арқылы кеңінен танылып жүрген Нұрлыбек Бұлжан арнайы келіп, 1986 жылы желтоқсан оқиғасына қатысқан кайраткерлерге зор денсаулық тіледі. Игі бастаманы қолдауға әзір екенін жеткізіп, турнирді ұйымдастырушы журналист Ақын Ордабайұлына арнайы жонып жасаған қолшоқпарын да сыйға тарту етті.

Желтоқсан оқиғасына қатысқан бұл күнде марқұм болғандарға Құран бағышталған соң турнир жеребесі тартылды. Олимпиадалық жүйе бойынша өткен тартыста журналистер құрамасы чемпион атанды. Көрермендер режиссер

жасакталған командаға бұйырса, қола жүлдені Бостандық ауданының желтоқсаншылары олжалады.

Бейжің жазғы Олимпиадасының күміс жүлдегері, Алматы облысының дене шынықтыру және спорт баскармасының басшысы Нұрбакыт Теңізбаев, желтоқсан оқиғасына қатысушы Батыр Әміржанов, Дархан Жакешов, Нұрдәулет Жайнақов, Сайфутдин Шамсутдинов, Майлыбек Өмірзаков, Ертай Әбуов сынды атымтай-жомарт азаматтар қаржылай қолдау көрсетті. Турнир жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне бағалы сыйлықтар, медаль мен диплом берілді.

«Мұндай жарыс не үшін керек? Желтоқсан оқиғасына қатысқан кайраткерлердің батылдығын, елдің ертені үшін деп алаңға шыққан жастардың жүректілігін кейінгі ұрпаққа үлгі ету үшін қажет. Ақын бастаған ұйымдастырушы азаматтарға алғысымыз шексіз. Бір уақыт алаңда доп теуіп, бойы жіпсіп, бір-бірімен шүйіркелесіп жатыр ардагерлер, қандай жарасымды. Мұндай турнирлерді жиі өткізсе, жөн болар еді», — дейді Шоқан Маханов.

Турнирдің дау-дамайсыз өтуін қамтамасыз етіп, жауапкершілікті аркалаған бас қазы



Шоқан Махановтың команданы ұйыстыра білетін шеберлігіне, журналист Әзиз Тастаевтың қақпада тұрып бірнеше шабуылды тойтарған әбжіл қимылына тәнті болды. Күміс медаль «Желтоқсан ақиқаты» бірлестігінің мүшелерінен

Асылхан Әбішев, білікті төреші Мұрат Кененов ойыншылардың ешбіріне бұра тартпай, әділ төрелік етті.

Қуан КӨШЕК

ОТЫЗ ТІЛДІ ҮЙРЕНСЕҢ ДЕ, ҚАЗАҚША СӨЙЛЕ!

Көз келген ұлттың ең асыл қазынасы – тіл. Ана тілінен айрылған ұлт – жетім. Тіл болмаса, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тарих туралы сөз қозғаудың өзі бекер. Бүгінгі қазақ тілінің хәлі мүшкіл болмаса да, адам қуантарлықтай емес екені сізге де, бізге де мәлім. Енді осының себебіне үңіліп көрейік.

Қазақ тілі — әлемдегі ең бай тілдердің бірі. Түркі тілдерінің ішіндегі ең тұнығы. Осындай ғажап тілге басқа тілдерден сөз

Тілін де үйрен, бірақ сініруге болмайды! Заманауи болдым деп ана тілінді ысырып тастап, мәртебесін түсіру, ұлт тағдырына балта шабумен тең.

Тағы бір себеп — «Үш тұғырлы тіл» саясатын көпшіліктің дұрыс түсінбеуі. Бұл саясатты ғылымда, білімде, дипломатиялық қарым-қатынаста пайдалану керек деп ойлаймын, тұрмыста емес. Тіпті отыз тіл білсек те, ана тіліміздің қадір-қасиетін түсіруге әкеліп соқпауы тиіс. Жастар «Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте» деген сөздің қадірін түсінуі керек.

Сондай-ақ патриотизмнің жетіспеушілігі де ұлттық құндылықтардың жойылуына

Жас қалам



ТӘУЕЛСІЗДІККЕ ТАРТУ

*Биік бүгін өзгелерден айбыным,
Шекпесе екен енді елім қайғы-мұң.
Бабаларым арман қылып аңсаған,
Тәуелсіздік — баға жетпес байлығым.
Қазақтай бұл әлемде жоқ маған,
Қарайтұғын тек таңдана көп ғалам.
Азатсың деп арайлана атамын,
Еркіндіктің ақ таңымен мақтанам.
Болды, міне, келді, міне, ғажабын,
Ашық бүгін Иран бақтай ажарын.
Тарқамасын бес күндікте базарың,
«Мың өліп, мың тірілген қазағым».
Бір Алладан амандықты сұраған,
Елім-жұртым болсын енді дін аман.
Ұлы көшке бастап бүгін қазақты,
Алаш үшін тер төгіп жүр көп адам.
Елім десе, маздай түсер отпы өлең,
Тізбектеліп жетістіктер көптеген,
Баста мәңгі орнап тұрған азаттық,
Тәңірімнің ұлы сыйы деп білем!*

Диас ЖҰМАШЕВ,
Абылай хан атындағы
Қазақ халықаралық қатынастар
және әлем тілдері университетінің
менеджмент және халықаралық
коммуникация факультетінің
1-курс студенті

Біржан ӘДІЛБЕК,
Абылай хан атындағы Қазақ
халықаралық қатынастар
және әлем тілдері
университетінің менеджмент
және халықаралық коммуникация
факультетінің II курс студенті

Биыл Тәуелсіздіктің отыз бір жылдығы. Тәуелсіздік – мақтанышпен айтатын зор байлық. Осы байлыққа жету жолында қаншама боздақтарымыз «өлім, жерім» деп қыршынынан қиылып кетті.

ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІ ҚАДІРЛЕЙІК!

Сол бір сексен алтыншы жылдың ызғарлы желтоқсаны әлі де халықтың есінде және ол мәңгілік өшпек емес. Менінше, дәл сол желтоқсан оқиғасы Қазақ елінің болашағына ықпал етті. Егер ол болмағанда тәуелсіздікке қол жеткізер ме едік, бүгінгідей бейбіт өмір сүрер ме едік? Сондықтан да қазіргі жаймашуақ өміріміз үшін ата-бабаларымызға, аға-әпкелерімізге алғысымыз шексіз. Тәуелсіздік танын атырған қаһармандарды біз жадымызда сақтаймыз.

тенестірді. Бәсекеге қабілетті елге айналды. Оған еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың сіңірген еңбегі мол. Тығырыққа тірелген кезде жол бастап, алға қарай жылжу онай емес. Тұңғыш Президент осындай күрделі міндетті іске асырды. Тура жол тауып, Қазақстанның тәуелсіздігі үшін аянбай еңбек етті. Бүгінде еліміз әлем елдерінің ортасынан ойып тұрып орын алды. Тәуелсіздік туралы ойымды мынадай өлең шумағымен аяқтағым келеді:



Халқы үшін жанын қиған Ләззат Асанова сол кезде небәрі 16 жаста еді. Ал Қайрат Рысқұлбековке жалған айып тағылып, қатаң жазаға ұшырады. Ербол Сыпатаев алаңда ауыр жаракат алып, қаза болды. Сәбира апамыз өзіне тағылған айыпқа шыдай алмай, жатақхана терезесінен секіріп мерт болды. Талай жас бақиға аттанып, соңында зар жылап ата-анасы қалды. Сол кезде шыындықтың ақ туы көкке көтеріліп, қазақтың кім екенін бүкіл әлем білді, мойындады. Содан бері, міне, отыз жылдан астам уақыт өтті. «Елу жылда ел жаңа» демекші, егемендік алғаннан кейін Қазақстан өсіп-өркендеп, өзге мемлекеттермен терезесін

*Көсіліп сөйлейінші кейде менде,
Шынықты айтып ұлың ерлеген бе?
Айбыны асқақтаған қазағымның,
Тасы да төрге қарай өрлегенде.
Тәуелсіздік — тағдырым, тал бесігім,
Бұл жолда талай бабам терлегенде.
Ағайын осы күнді қадірлейік,
Сол күнді көрген де бар, көрмеген де.*

Ақжол ҒАЙСИН,
Абылай хан атындағы
Қазақ халықаралық
қатынастар және
әлем тілдері университетінің
менеджмент және
халықаралық коммуникация
факультетінің
II курс студенті



енгізіп, заманауи жастардың ансары неге орыс тіліне ауып тұратынына таным бар. Қазір ірі қалаларда, көпшілік ортада ауызкей тіл ретінде орыс тілінің ықпалы күшті екені белгілі. Ана тілімізге сініп кеткен «паразит» сөздер де жетерлік. Мысалы: «че там», «звондау», «привет», «мама, папа» деп айта берсек, тізіліп кете береді.

Тәуелсіз Қазақстанда туған жастардың басқа тілде сөйлеуінің бір себебі — заманауилық-мыс... өз басым мұны заманауилық пен еліктеушілікті ажырата алмаушылық дер едім. Шынығында, заманға сай жүремін деп өз ана тілінді менсінбеу — нағыз ақымақтық. Өзге елдің жаңалықтары мен әдетін сіңірудің де шегі, жөн-жоралғысы болады. Шетелде білім алып, озық технологиясын үйрен!

әкеліп соғады. Нағыз патриот адам өз елінде жүріп, ана тілін басқа тілдің алдында төмендетпейді. Жарайды, жастарды қойшы, ел билігіне араласып жүрген аға-әпкелеріміздің қазақшасын көргенде жүрегін ауырып, қарның ашады. Олар ел алдында өзге тілде сайрап тұрғанда жас буынға «Тек қазақша сөйле!» деп қалай талап етесің? Сондықтан, алдыңғы арба қайда жүрсе, соңғы арбаның сонда жүретінін ұмытпағанымыз жөн.

Тамыр

Ұзап бара жатқан жиырмасыншы ғасырдың алғашқы жартысын ойға алғанда, арманда кеткен қаншама қазақтың аймандай абыздары, кек пен күйіктен жүректеріне өрт түскен, өмірден ерте өткен қаншама кемеңгерлеріміз еске түседі. Соның бірі — міне, бір жарым ғасыр өтсе де, ұлылығына шан жұқпаған Ахаң еді. Ахаң — ғасырдың өзі туғызған тумысы бөлек, тұғыры биік, бір бойына шешендік пен көсемдік қатар қонған данағөйіміз.

XX ғасыр басындағы қазақ ұлтының рухани көсемі, Алаш идеясының негізін қалаушы, Алаш үкіметі басшыларының бірі — Ахмет Байтұрсынұлының қазақ халқының қамына жасаған еңбегін қай қырынан алып зерттесек те, алдымен туған еліміздің тәуелсіздігі туралы әңгімеге келіп тірелеміз.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ЗЕЙНОЛЛА ҚАБДОЛОВ

(Әдебиеттану ғылымындағы дәстүр мен сабақтастық)

Ол қандай тәуелсіздік еді?! Алдымен — саяси тәуелсіздік. Мемлекеттік тәуелсіздік. Рухани тәуелсіздік. Идеологиялық тәуелсіздік. Осынау негізгі — негізгі бағыттың барлығында да ұлт ұстазы, ұлы ойшыл, ұлы ағартушы, арынды ақын, көреген саясаткер, қарымды қаламгер, ғұлама ғалым Ахаң көш басында тұрды. Бұл жағынан Ахмет Байтұрсынұлына сол тұста ешкім тең келе алған жоқ. Алғашқы ақиқат — осы.

Аханды біз неге алдымен Алаштың рухани көсемі дейміз? Кез келген ұлттың мемлекеттік тәуелсіздігінде руханияттың, яғни рухани құндылықтардың алатын орнын және тарихи рөлін, керек болса, саяси мәнін ұлт қайраткері ретінде Ахан жалпыұлттық өреден терең түсінді. Қоғам, ел өмірінің жана бір тарихи кезенге ойысқан тұсында жана бағыт, ендігі уақыттың ұстанымдары қандай болмақ, нендей күйлерге керек, осының барлығын Ахан жүрегінен өткізіп, дер кезінде аңғарды. Аңғарып қана қойған жоқ, соны өзінің еңбектерінде, алдымен қазақ зиялыларына, қалың елге түсінікті тілде (яғни ана тілімізде), осы уақытқа дейін кездеспеген тың әрі жатық ұғымдармен, атаулармен, сөз оралымдарымен, ғылыми негізде, әрине, адамзат өркениеті қол жеткізген биіктен, сол тұстағы қазақ қоғамының даму сатысынан, әлеуметтік жағдайына табан тірей отырып, ой түйіп, өзінің қаламының қуатына арқа сүйеді. Қалам қайраткері ретінде осынау алмағайып заманда ұлт қамына еңбек етуді өзіне парыз саналды.

Қазақ қоғамының ХХ ғасыр басындағы әлеуметтік-саяси, геосаяси жағдайы, экономикалық даму деңгейі, осының барлығын терең зерттеп, көрегендікпен алдын ала болжап, біліп алып барып ой қорытатын Ахан сол кезеңде қазақ ұлтына, ел мүддесіне алдымен, яғни бірінші кезекте не жасау керектігін, қандай қадамдарға бару керек екендігін сұңғыла саясаткер, әлеуметтанушы, қоғамтанушы, қайраткер, терең білім иесі, көсем ретінде де дәл аңғарды. Осының барлығын ел мүддесіне, ұлт ұпайына айналдыру үшін бүкіл елдік өркендеудің негізгі өзегінде рухани жаңғыру түру керектігін бірден болжады.

Сондықтан да қазақтың қамын қаймықпай айта алатын Ахан қазақ ұлтының жана ғасыр басындағы даму жолының негізгі кілті руханиятта жатқандығын алдын ала білді. Ахмет Байтұрсынұлының осы орайда 1922 жылдың 8 шілдесінде «Еңбекші қазақ» газетінде жариялаған «Қалам қайраткерлері жайынан» атты өзекті мақаласында: «қазақ жем болудан (орыс империясының тарапынан келуі мүмкін жағдайды меңзеп отыр) түбінде декрет қуатымен құтылмайды, мәдениет (руханияттың бір саласы) қуатымен құтылады» деп көрегендікпен жазуы тегін емес. Ахаң сол кездің өзінде қазақ қоғамындағы әлеуметтік жағдайды шынайы болжап, қауіптің алдын алғысы келіп, жүрегі ауырғаннан ашық айтып отыр.

Сондықтан да Аханның бізге қалдырған баға жетпес рухани мұрасының басты-басты арналары: тарихи сананы қалыптастыру ілімі, әдебиет тарихы, тілтану ғылымы, әдебиеттану ғылымы, ақындық өнер, көсемсөз саласы болғандығы тегін емес. Елдік сананы көтеру үшін алдымен тарихи сананы, ғылыми сананы, көркемдік сананы көтеру керек екендігін Ахан кемеңгер ретінде



дер кезінде көре білді. Рухани тәуелсіздікке қол жеткізбей тұрып, мемлекеттік тәуелсіздік болмайтынын білді.

Біз соның бір бағытына ғана, яғни ұлттың рухани санасын көтеру мақсатындағы Аханның бір ғана еңбегіне — әдебиеттану саласындағы ой-пікірлеріне, ғылыми тұжырымдарына ат басын бұрып көрейік. Аханның бұл саладағы басты еңбегі — 1926 жылы жарық көрген өйгілі «Әдебиет танытқыш» атты зерттеуі.

Ахана дейін сөз өнері ғылымын осылайша зерттеген, жүйелеген, қазақтың ұлан-ғайыр, байтақ, мың жылдықтардан аман жеткен әдебиетін барынша қамтып, жан-жақты сөз еткен төлтума еңбекті қазақ тарихынан табу қиын. «Сөз өнері» деген әдеби-теориялық, ғылыми-танымдық ұғымды да алғаш рет енгізген Ахан. Ұлтқа ұлттық әдебиеттану ғылымы ауадай қажет екендігін терең түсінген ғалым тыннан түрен салды.

Енді Ахмет Байтұрсынұлы ана тіліміздің ұлы байлығын, шексіз мүмкіндігін қазақ сөз өнері ғылымын дәйектеуде

қалай пайдаланғанын бағамдап көрейік. Ең алдымен Ахан сөз өнері, әдебиеттану ғылымы саласындағы, ана тіліміздегі тұңғыш терминдер жүйесінің негізін қалады. Оның іргелі ғылым саласы ретіндегі фундаментальді тұғырын, методологиялық арналарын қалыптастырады. Әлемдік әдебиеттану ғылымындағы тәжірибеден өткен қолданыста бар ой-тұжырымдардың, пікір-байламдардың да бағытын аңғарып, соларды қазақ топырағында, қазақ танымында қалайша ұлттық ғылым игілігіне айналдырудың жолдарын да ұмыт қалдырған жоқ.

Қазақ әдебиеті теориясы ғылымының көш басында Аханның осынау еңбегінің тұруы өте заңды. Аханның қазықтай қағып, шегедей бекітіп кеткен әдеби-теориялық терминдерін, ой-тұжырымдарын, ғылыми түйіндеулерін ізін ала қазақтың тағы бірнеше теоретиктері араға жиырма жыл салып, кейін де ары қарай жалғастырып, Ахан ілімін қалайша жанаша түрлендіріп, жанаша тереңдете, жанрлық тұрғыдан жана арналарға жіліктеп, заманға сай жана ой-тұжырымдармен толықтыра түскенін аңғарамыз.

Халық жазушысы, академик Зейнолла Қабдоловтың 1976 жылы жарық көрген «Сөз өнері» атты оқулығында Ахан пайдаланған, бекіткен әдеби-теориялық терминдердің барлығы жана мазмұнмен байғытылып, жана қырымен жарқырай түсіп, оқырман танымына құнарлы игілік болып қайта оралды.

Сөз зергері Зекең әдеби теориялық еңбектің өзін көркем шығарма деңгейіне дейін көтеріп, әрбір әдеби терминнің ішкі мазмұнын, сан құбылған сұлу атаулардың көркемдік құпиясын түсіндіріп, жанрлық атауларды жаңғырта аударып, әдебиеттің тегі мен түрлерін жанаша түрлендіріп, тыннан түрен салып, бейнелі тілмен төгілте баяндағанда ғылыми-зерттеудің эстетикалық әсері еселей түседі.

Зекең де Аханның үлгісімен көркем мәтінге көбірек арқа сүйейді. Ахан өзінің еңбегінде Абайдың, Мағжанның күдіретті поэзиясына, Ыбырай Алтынсарин, Мұрат, Байтоқ, Шернияз, Мәделі қожа сынды ақындардың туындыларына, батырлық, лиро-эпостық жырлардың мәтіндеріне көбірек жүгінсе, Зекең өз замандас ақын-жазушылардың қаламынан туған талантты дүниелерін мейлінше талдап, таразылайды.

Ахан тапқан тенеулерге Зекең тапқан тенеулерді қосқанда қазақ әдебиеттану ғылымының көш ілгерілеп кеткеніне көзіміз жете түседі. Аханды ұстаз тұтқан, Ахан еңбегіне табан тіреген Зекең осылайша әдебиеттану ғылымын жана белеске көтерді.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің негізін қалап қана қойған жоқ, сол деңгейде қазақ әдебиеттану ғылымының да негізін қалаушы, осынау ғылым саласының болашақтағы барлық бағдарын айқындап берген, оның жаңа методологиялық арналарына тыннан жол ашқан бірегей тұлға ретіндегі тарихи орнын да бағалауымыз қажет. Айталық, Мұхтар Әуезовтің Аханның мерейтойына арналған «Ақ жол» газетіндегі 1923 жылғы 4-ші ақпанда жарық көрген мақаласында «Жана өсіп келе жатқан

қазақ әдебиеті Аханды өзінің басшысы деп санайды», — дегені көш бастаушы ғалымға берілген үлкен баға, айрықша құрмет.

Ахан туған әдебиетіміздің төл табиғатына, өзіндік құнарына, өзіндік болмысына тереңдеп баруды мақсат етеді. Бұл тәсіл көркем шығарманы талдаудың, оның әсіресе, ішкі құрылымына талдау жасаудың әдістемелік құралына сенімді қол жеткізуге төте жол ашады. Автордың осы тұста өзі зерттеп отырған ғылым саласындағы ұғымдар жүйесінің ішкі байланысы мен ерекшелігін терең білуден бірге, оларды танбалауда қазақ тілі құнарын образды, бейнелі тілде өте шебер пайдаланып отыратындығын тайға таңба басқандай аңғарамыз. Ал енді Ахан өз зерттеуінің құлақ күйін қалай бастайды. «Өнердің ең алды — сөз өнері» деп саналады. «Өнер алды — қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ мал бакқан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Барлық өнердің қызметін сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарай болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді», — дейді. Сөз өнерінің іргетасын, сөз өнері ғылымының тұғырын Ахан осылайша түйіп айтады. Ары қарай «сөз өнері — қазақша — асыл сөз, арабша — әдебиет, Еуропаша — литература», — деп шегелей түседі.

Қазақ ұғымына өте жақын, қазақ санасына өте түсінікті етіп, сөз толғайтын автор еңбектің келесі тарауларында да осы жүрісінен жаңылмайды. Сөз өнері туралы тарам-тарам ой-толғамдарын, әдеби-теориялық категорияларды, әдеби-теориялық терминдерді еңбегінің өне бойында туған әдебиетіміздің байтақ әлемінен пікірге дәйек болатын мысалдарды ойып-ойып алып, өз тұжырымдарын түздықтап отырады. Осы зерттеу методологиясын, ой қорыту, көркем мәтінді тандап, талғау әдісін Аханнан кейін араға қырық бес жыл салып академик Зейнолла Қабдолов сөтімен пайдаланды, жүзеге асырды. Зекеңнің 1970 жылы жарық көрген «Әдебиет теориясының негіздері» атты зерттеу оқулығына зер салғанда Аханның бейнелі тілде сөйлеу стилін Зейнолла Қабдоловтың қалайша биіктетіп алып кететінін анық аңғарамыз. Осы дәстүр сабақтастығы екі автордың еңбегін салыстыра сөз еткен тұста айқын көрінеді.

Қорыта айтқанда, Ахмет Байтұрсынұлының 1926 жылы жарыққа шыққан өйгілі «Әдебиет танытқыш» атты ғылыми-зерттеуінен кейінгі бір ғасырға жуық кезеңде Ахан ту етіп көтерген Алаштық идея, Ахан салған жол, Ахан бастап берген қазақ әдебиеттану ілімі, яғни сөз өнері ғылымының дәстүрі тоқтап, тоқырап қалмай әр жылдары ұттымыздың абыздары, академиктер Қажым Жұмалиев, Есмағамбет Ысмайылов, Заки Ахметов, Зейнолла Қабдолов еңбектерінде жалғасын тауып, бүгінгі күні терезесі тең, ай маңдайы жарқырап, әлемдік эстетика ғылымында өз орнын тауып, түгін әдебиетіміздің өркендеуіне қызмет етіп жатқандығын бүгінгі «Аханның жылы» тұсында қалай айтсақ та жарасалды.

Кешегі дүниенің астан-кестенін шығарған ХХ ғасырдың басында әдебиет арқылы Ахан қазығын қағып, дінгегін тұрғызған қазақ руханияты, рухани құндылықтарымыз ұлттық тәуелсіздігімізге әлі де сан ғасырлар қызмет ете беретініне сенімдімін.

Кансейіт ӘБДЕЗҰЛЫ,
Әл Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры, филология ғылымдарының докторы, академик

Эссе

Бұл жазбамыздың тақырыбын «Қаншама жыл «Егемен Қазақстанның» алтын тұтқасы болған Ержұман емес пе?» деп те қоюға болатын еді. Солай болғанда бұл екі тақырып та біз тапқан авторлыққа жата бермейді. Оны айтқан...

Осыған орай ой қозғаудың өз орны бар. Бір ғасырдан астам тарихқа енген «Егемен Қазақстан» газетінің дәстүрінде ғана сақталған ерекшелікке қарай екі эпизодқа ден қоямыз.

«ЕРЖҰМАННЫҢ АТАҒЫ – ЕҢБЕК ЕРІ ЕМЕС ПЕ?..»

Бірі — редакция ұжымы «аға» деген қазақтың бір айдарлы сөзін адам есіміне қосақтап емес, алғашқы буынына киюластырып жіберетіні екінің бірінің маңдайына жазылмаған бір дүние тәрзіді.

Мәселен, Шерхан Мұртаза ағамызды үлкен-кіші бірдей «Шераға» деп қашаннан бері атай бастаған.



Ал енді қалың көпшілікке, оның ішінде қолына қалам ұстаған қауымға «Егемен» арқылы етене таныс көрнекті журналист Ержұман Смайылдың қашаннан бергі тегі мен аты «Ераға» деген екпін түсіріп айтатын есіммен ауыздан-ауызға тараған кезеңін қай газеттің дәуренінен іздеп жатпай-ақ айтайық деп едік, сөйтсек, олай етуге болмайтындай екен. Қазақ журналистикасында жария түрде алыптардың аузымен жанқиярлық еңбегі мен табанды мінезіне, сарқылмас күш-жігеріне, әрине, ізденімпаз, білімпаз, ұйымдастырушылық зор қабілет-қарымына байланысты «баспасөздің қара нары, газет редакциясында ауыр жүкті өрге сүйрейтін локомотиві» атанған, албырт, жастық шағы қызыл шоктай жанған «Лениншіл жас» газетінде бас редактордың орынбасары қызметімен өрілген жылдарының өзінде оны «Ераға» деп атағанынан хабардар едік. Бұл мойындалған құрметке ол дырдай редактордың өзі емес, бірінші орынбасары лауазымында жүргенінде-ақ ие болған. Жалғыз өзі емес еді, Ераған өзі шексіз сыйлап өткен редакторы (ол кезде *қазіргідей «бас редактор» деп атамайтын*), спорт журналистикасының атасы Сейдахмет Бердіқұловты ілгеріден қалған әдемі дәстүр жолымен «Сейдаға» деп атап, алдынан қия басып көрмеген. Бір ғана редактор, оның орынбасары да біреу.

Осы «бірінші» деген сөзге қатысты ұзақ ой тербей беруге болатын оқиғалы кезең жалғаса береді. Алайда ұғынықты ұғыммен шектелу шарт емес шығар. Аталмыш республикалық газет редакциясында идеологиялық жауапкершілігі биік мансап Ерағаның шығармашылық еңбек жолының беташары десе де болады. Жалғыз журналистика факультетінің тарихында ең үздік оқыған студентке тағайындалған тұңғыш стипендияға ие болып, бірден көзге түсіп, назарға іліккен жігіттің жоғары оқу орнын қызыл дипломмен (*нөмірі бірінші Лениндік стипендия*) бітіргенін және шамасы бір жыл мерзімде Қазақ мемлекеттік университетінде жас оқытушы штатында жұмыс істегенін қоспағанда, одан кейінгі бүкіл саналы ғұмырында «бірінші» деген сөзбен жазылғаны, дәйім дестелі өмірбаяны көркем дастанға жүк боларлық дүние.

Елдің бас газетінде Шерхан Мұртаза мектебінде шыңдалып, шиыршық атқан, қоғамдағы шындық пен әділеттіліктің, қазақ ұлтының қайсарлық рухы үшін күрескен журналистерінің қайнаған ортасында Ерағаның турашыл мінезі мен еңбекқорлығы, табандылығы мен адалдық қасиеттері де өз артықшылықтарымен анық аңғарылды.

Сол себептерімен де жас журналистер ғана емес, оның қатарластары да сеніммен және сыйластық биігінен «Ераға» деп атағанды жүрекпен қалады, білем.

Қайбір жылы, 2000 жылдың басында ма екен, атақты заңгер, академик Ғайрат Сапарғалиев «Егемен Қазақстан» газетіне «Аға» деген қызықты бір мақаласын әкеп, сонда аса биязы оқымысты кісінің «Аға» деген сөздің шығу төркінін іздеп, зерттеп көрдім. Түрлі ой-жосықтар бар. «Сіздердің Шерхан мен Ержұманды «аға» деп атауларыңыздың түп-тамыры дұрыс. Жаксы башы, арқасүйер тұлға, қолы мен жүрегі таза адамды атайды» деп бір ауыз артық сөз айтпайтың, жайшылықта шешіле бермейтін академик кісі осындай сипатта терең сыр ақтарған еді.

Екіншісі, қадірлі оқырман, бір-бірін іштей де, сырттай да сүйсінетін маңғаздардың берген бағасы мен құрметтеп өткен сыйластығы туралы айтсақ, ол былай.

Ел іші 2012 жылы Шерағаның 80 жылдығын кеңінен атап өтті. Біздің шығармашылық топ («Қазақстан-Тараз» *телеарнасы*) қалың қазақтың қадірлісі туралы деректі фильм түсіру үшін екі ай шамасында бірлесіп жұмыс істедік. Біз деректі телетуындының сценарийін жаздық. Оны әдеби ортада қалыптасып, шынайы мағыналы қалпында «Шындықтың Қызыл жебесі» деп атадық.

Ағамыздың қарашыңарағында емен-жарқын әңгімелесіп отырған сондай шуақты кезде тағдыр қосқан үзентілері мен өзіне жауапты қызметтерде орынбасар болған адамдар жайлы сәуелді сөздерін айтты.

Осы арада Ерағаның мына бір естелік жазбасынан үзінді оқимыз: «Шерағаның бір ғажабы, өз орынбасарларына, бөлім меңгерушілеріне кәміл сенетін және аландамай жұмыс істеуге ерік беретін. Жалтақтатпайтын. Қалай қолдай білсе, солай да қорғай алатын». Осы қызық, бірақ қиын жолда көпке айбын бола білген Шерағадан «Қазақ баспасөзі мен ұлттық журналистиканың мұратына жету үшін бар білімін берген, бар өнерін салған, бар ықыласын төккен кімдерді атап айтар едіңіз?» деген сұрағымызды қағазға қарап оқығандай болдык.

Сол уақытта айбарлы тұлға қалың қастарын қайшылап, қабағын қымтап, тұнжырап қалды. Аздап мұзданқырап отырды. Жиегі өрнекті шапанын аз-маз иығына қарай тартып, бірі тірі, ендігі бірі өмірден өткен сыралғы жолдастары мен қатар жүрген жандарды еске түсірді ме, ептеп үңсіздік орнады арада. Қайынды ағаштан жасалған жазу столы үстінде тұратын алтын түстес жолбарыс мүсінін алақанымен арлы-берлі мәпелей сипалап, сосын алдындағы фотосуреттерге үңіз қарап, едәуір ойланаып барып: «Кісі көңілін аулап айтқан да жөн шығар мұндайда», — деп қалды дауысын созынқырап... «Менің қасымда мықты жігіттер көп болды ғой. Бәріне Алланың нұры жаусын! Ал енді...Еңбекшіл мінез, маңдай тердің қасиеттерін қадірлей білген жан... Ерекең, «Егемен Қазақстандағы». Ержұманның атағы — Еңбектің Ері емес пе!» деп басын тік көтерді. Құндыз бөркінің маңдайындағы көзтұмары жарқ ете қалғандай болды. Сосын қарсы алдында қаумалап тұрған телекамераға қарай ойлы да тұнық көзін тігіп, тура жалт қарады. Одан әрі «Қаншама жыл «Егеменнің» алтын тұтқасы болған Ерекең, Ержұман мырза емес пе!» деп өткен күндердің өшпес сәулесі мен шаң баспаған шындығын алдымызға жайып салды. «Одан басқа нар жүгін көтере білген кімдер бар?» деген өмірлік сауалды қаһарлы сұсымен ұқтырғандай, алмас ақиқат алдында тұрғандай едік. Шындыққа қасқайып тура қараған кейіп бәрін де аңғартты. Біз де разы ықыласпен бас ізеп, мақұлдайтынымызды білдірдік.

Дәл осы арада ойымызға өткен жылдар жазбасы оралады. Ерағаның өсу жолы мен

ақылды шешімдер жасайды. Еңбек жолын «Социалистік Қазақстан» газетінен бастап, көп ұзамай «Лениншіл жас» газеті редакторының орынбасары қызметіне ауысқан Ерағанның журналистік алғырлығы мен тұлға бойы бұырқанған отты жылы республикалық жастар ұйымының ең мәртебелі Баубек Бұлқышев атындағы сыйлығымен арнайы аталып өткенінде ақпарат кеңістігінің есігінен талантты бір жас тұлғаның топты жарып шыққан асау мінезін көргендей еді. Ал өзіне келсек, мұндай дүрілдеген атакқа мән бере қоймайтын сынай танытады. Әлдеқандай біреулер сол заманның осындай сыйлығына өрімдей кезінде лауреат бола қалса, лепірмесе де лағып кетер ме еді, атактын ыстық-суығы басылғанша.

Жастар газетінде шығармашылық ұжымның ұйтқысы, күн-түн демей, ұйқы көрмей жұмыс істеп, шаршап, шалдығуды ұмытқан Ераған арада қырық жыл сырғып өткенімен, сол айнымас қалпынан таймағанын көрдік.

Ераған мемлекеттік баспасөздің тұғырлы тұлғасы ретінде уақыт пен дәуір биігінен газет ісінде, ұлттық журналистиканы дамыту саласында қабілеті мол, талабы үшқындап тұрған, еті тірі жас қаламгерлерді шыңдап, даярлауға ұзақ жылдар бойы ерекше академиктік үлес қосты. Журфактан түлеп ұшқан алғыр жастар Ерағаны іздейді, ал жаңа толқынды ойлайтын табанды ұстаз қаламының желі бар, ішкі ой-түсінігі терең, білімге құштар жас перілерге студент кезінен ен салып, тандауын ерте бастан жасап қояды. Смайылдың сыйлы мектебінің іргетасы осылай қаланған.



келген. Қысылтаяң уақыт болды ма, шігесіне қорғасын күйғандай мығым Ераған оны өз қолымен талмай жазып аударған. Әйтпесе, компьютермен теруге болмас па?

Анау-мынау емес, 35 беттік макала емес, орыс тілінде келген ресми дүниелерді жылдар бойы диктовкамен әп-сәтте сапалы, еркін, көркем аудару оған түк те тұрмайтын. Ал енді орыс тілін де шемішкеше шағатын білімпаздығы бір шоғыр әлем.

Айтпақшы, ертеректе сонау Мәскеуден келетін салақұлаш ресми мақалалар мен «көсемдердің» ұзынсонар баяндамаларын ҚазТАГ агенттігі қазақша аударып, түрлі тексерулерден өткізіп жіберетін. Ол іс таң атқанша созылуы да мүмкін жағдай. Мұндайда қатан жүйе сақталуы тиіс. Кейде әбден шыдамы таусылғанда, әлгіндей дүниені Ераған тікелей өз жауапкершілігіне алып, өзіне сеніп, тарсылдатып аударып тастайды екен. Ана тиісті жақтан кештетіп келген аудармаға жәй көз қиығын салғаны болмаса, өзі аударған қалпында газетке жариялай беретін.

Мұны да батылдық қана емес, өзіне деген сенім, өзгені санастыра және сыйлата алу деп бағалауға болады.

«ЕРЖҰМАННЫҢ АТАҒЫ – ЕҢБЕК ЕРІ ЕМЕС ПЕ?..»



Аз жазса да, саз жазатын Ераған кез келген саясаттанушы ма, саясаткер ме, солармен ой таластыратын, саяси мағынасы тың тақырыптарға ден қойып, мемлекет пен ұлт мүддесін қорғайтын субелі, салмақты мақалалардың авторы ретінде танымал болды. Сол 90-жылдардың басында ел тәуелсіздігі мен мемлекеттің егемендігі туралы пікірталастар мен қызу айтыстарда жазған саяси сараптамалары

адамшылығы бәрінен де асып түсті. Ұзақ жыл бойы бас газеттің абыройы үшін, яғни ширек ғасырға жуық ыстық-суығына бірдей көндігіп, өзгені де дәл осындай жан аямай қызмет етуге, әрбір қызметкерінің шын мәнінде, кәсіби журналист болып қалыптасуына қолдау көрсетіп, дем берген, ішкі тәртібін қатан сақтауға дәл Ерағадай талмай, танбай еңбек сіңірген адам кемде-кем. Бұл — әбден мойындалған шындық.

Ұлы Төле би бабасы айтып кеткендей, «Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі, Өзіне келер ұятты, өзі біліп тұрса игі» деген қағиданы берік ұстанды. Жастарды бұл өмірде, шығармашылық зиялының танымал өкілі, ұлттық идеологияның жауынгері және ұлттық ой-сананың жебеушісі, қара қылды қажататын әділ тұлға ретінде тәрбиелеуге қаншама күш-жігерін жұмсады, тер төкті, шыдамдылық танытты. Қаншама жастың әлеуметтік әлеуетін өрелі биікке көтеріп, саяси-мәдени өрісін кеңейтті.

Асыл ағаның енді жұртты таңғалдырған екі-үш қырын айтпай, қазбай тұра алмаспыз.

Санамалап жатырмыз ғой. Бәрі де салыстырмалы түрде болғанымен, қайталануы сирек екеніне бәс тігуге лайынбыз.

Редакцияның Алматы бөлімшесінде



мен Алаш ардақтыларының идеяларын жаңғыртудағы дәйекті-деректі публицистикалары шын мәнінде қаламгерлік абыройына абырой қосты. Бір ғана «Өмір деген — жол үсті» деген прозалық кітабы соған куә. Журналистік шеберлік сағаттарының жиынтығы десе де болады.

Бұл күндері сарғайған газет беттерінде ел жылнамасы мен тарихының жаңа парақтарында қоғамға керекті салмақты ой мен жас ұрпаққа қажетті бәтуалы сөз айтқан, шындық жолында иілмес күрескерлік мінезге ие Ерағанның еншісіне тиер мол еңбектің ізі бар. Біз оның еңбексүйгіштігі және шынайы жанашырлық қасиеттерін ардақтап, асыл ағамызды «Біздің куратор-ұстазымыз» деп жақын тартып, әрдайым мақтаныш еттік. Ол кісінің сенімін өзіміз лайықты дәрежеде ақтадық па, жоқ па, білмейміз ғой. Әйтеуір, іргелі көштен кейін қалып қоймаған секілдіміз.

Басына қонған бақ болар, бәлкім, маңдайына жазылған тағдырдың жазуы шығар, егемен елдің астанасы Алатау-Алматыдан Сарыарқа-Ақмолаға қарай көш түзегенде, тарихи керуен басында «Егемен Қазақстан» газетінің редакциясы, ал оның бас редакторы Ержұман Смайыл ағамыз болды. Бұл өзі қысылтаң, қай тұрғыдан қарасақ та қиын уақыт еді. Ол жағдайды бастан өткерген жандар адалын айтар, ешкімге, елге де онай соққан жоқ. Сарыарқаның сақылдаған сары аязы мен ұйтқыған боранды күні пойыздан түскен журналистердің төрбасы Шераға-Шерхан Мұртазадай ағамыздың: «Жаңа астанаға «Егемен Қазақстан» көшіп келді. Онымен қоса, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабаев, Тұрар Рысқұлов, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Смағұл Сәдуақасов, Ораз Жандосовтардың қайсар рухы да бірге келді. Азаттықты ансаған Алаш ардақтыларының арманы орындалды!», — деп құшағын ашып, жалпақ жұртқа жар салған.

Шын мәнінде «Егемен Қазақстан» газеті Ерағанның өмірбаяны үшін де егіз, ажырамас ұғым болып қалыптасты. Білімділігі мен білктілігінің жөні бөлек, қарапайымдылығымен қайран қалдырған жас басының әу бастан «Інілерге аға болып жарытпайсың, Ағаларға іні болып иілмесең» деп ақын жырлағанындай, ұрпақтар сабақтастығына барынша бас-көз болып, керемет сыйластық мектебіне қан жүгірткен

танылуына зер салайық. «Лениншіл жаста» Сейдағанның орынбасары, «Егемен Қазақстан» газетінде Шерхан Мұртазаның қалауымен оның бірінші орынбасары, Шераға Қазақстан телерадио хабарларын тарату комитетінің төрағасы болып ауысып, орнына Әбіш Кекілбайұлы келгенде де сенімді бірінші орынбасары, одан соң Нұрлан Оразалин, Уәлихан Қалижанұлы және Сауытбек Абдрахманов бас редактор болған жылдар да Ераған сол мінсіз қызметінің жоғары деңгейіне ешбір селкеу түсірмеді, абырой-беделін ешбір аласартқан жоқ. Бірінші орынбасар дегені болмаса, бәріне бас-көз болып, күнбе-күнгі, түн жарымға дейін ұзайтын қара жұмысына да, газеттің мазмұнды шығуына да жауапты, ұжымның шығармашылық, әлеуметтік көңіл-күйінің негізгі ұйытқысы біздің темірден жаралған ұстазымыз, барлық қызметкерлері мен тұрақты авторлардың бары мен нары, арқа сүйері Ераға деп білдік. Кезінде ғұлама жазушы, тау тұлғалы Әбіш Кекілбайұлының үлкен жиында, іні-досының 60 жасқа толу тойында сөз сөйлегенде: «Біздің Ерекең, біздің елдің Ержұманы мен үшін де еңбек дастаны. Адалына жаратылған ол өз орнында, бейнетті қызметінде бірінші орынбасардың бас редакторға қарағанда, әлдеқайда әбжіл, әлдеқайда алымды, шапшаң әрі ширақ қимылдайтын тұстарын тиянақтап, өзгеге үлгі етті. «Егеменнің» локомотиві! Нағыз қайраткер, жолдастарын жауға да, дауға да бермейтін көкжал тектес шыншыл азамат болды», — деп разы көңілмен ашып айтқаны бар.

Ал Қазақ елі баспасөзі тарихында өз қолтанбасымен жанашылдық дәуірін қалыптастырған, аузы дуалы Шераған жасы секенге келіп, тәубе еткен күні сағынышпен, тебіреніс-толғаныспен Ержұмандай дара іні-өріптесі, қимас бауыры жайында әлгіндей шыншыл ой-пікір білдірген дедік. Орайлас пікірлер, ортақ баға беруде де мұраттас асыл адамдардың артықшылығы атоялап тұрады емес пе? Бейнелері қандай жарқын болса, жансарайы да сондай.

«Жетісудың Талғар жағында, Қапшағай тепніз жағалауына жақын Туғанбай ауылында Смайыл әулетінің Байжұма мен Ержұман балаларының ешкімді аласартпайтын, асып—тасымайтын, еш саспайтын, бір өзгермейтін қалпы бар» деседі жерлес ағайын-бауырлары. Ол кісілер үшін ұсақ-түйек болмайды. Халық жүрген жолмен жүреді. Содан да болар адаспайды, жаңылыса бермеген де шығар.

Әлі де айтады ғой, студенттік жылдарын бірге өткізген достар қауымдастығы деген ортада Ерағанның басқа курстастарына қарағанда жасы үлкендеу, үш жыл Әскери-теңіз флотында азаматтық борышын өтеп, ысылған, еңбек жолынан оралған тәжірибесі бар. Қазақи әдеппен ондай кісі дастарқан төрінде отыруы керек. Ноктағасы тәрзіді сөз бастайды. Ерағанның бұлжымас жолы. Алайда бұл дағдыны өзі «бұзып», курстас достары кезектесіп төрде отыратын болған деп естігенбіз. Атақ-абыройға кімдер лайық дегенде де ол кісі өзін ешқашан ұсынған да емес, мүлдем басқаша шешім қабылдауға ықтияр. Бұл жағын да білеміз. Алайда өзі келіспесе, жоғары жақтағы ақылды адамдар сырттай-ақ

Ел газеті «Егемен Қазақстанның» тағдырлы, тағылымды, танымды, ғибратты ғасырлық жолында атак-даңқынан атан түйенің белі қайысатын алыптар мен асыл жандар аз болмағаны анық. Шын мәнінде, ардақты, айбатты, қадірлі, сыйлы... Ел серкелерінің ортасында Ерағанды ерекшелеп айтар болсақ, ерен де ерен еңбегінің еленуі, әділ бағалануы бойынша айтар бір артық сөзі жоқ.

Өмірбаян жазбасынан қандай атақтары бар, марапаттары-орден-медальдары сыңғырлап тұрған шығар деп ойлай аламыз ғой. Бұл құрметтің, сіңірген еңбегіне қарай қоғамның ардақтау белгісі екені де рас.

Жасы алпыстан асқан кезде алған «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» деген жалғыз атактан басқалай мемлекеттік марапаты жоқ дегенге сену қиын, әрине. Бірақ бұл қалай болғаны? Мынадай тұлға, үлкен лауазымда болған қайраткердің кеудесінде самсап тұрмауы мүмкін бе! «Ондай мүмкіндікті өзіне-өзі жасаған» дейді үлкен-кіші әріптестері. Марапатқа ұсынар кезде өзі түрлі себепті өзге әріптестерін көтермелеу қажеттігіне қарай қиыстырып, солардың қуанғанын қалайды, атаққұмарлықтан саналы түрде бас тартудың жолын іздеген жан ишараты еді. Иә, айтқандай-ақ, ол — ел Президентінің БАҚ қызметкерлеріне берілетін сыйлығының тұңғыш иегері.

Ең керекті серті. «Жасым 63-ке толған күні зейнетке шығамын, денсаулығымды күтіп, демалысқа кетемін!» деді.

Айтқандай-ақ, сол күні зейнетке шықты да, Жақан жөнешемізбен бірге немелерін бағып, тәрбиелеуді жөн санады. Егемендіктер бағбан сықылды ардақты ұстаздарын қимай-қимай шығарып салды.

Бейнеттің зейнетін көру — әркімнің де арман-тілегі. Ераған үйде қарап жатпады. Қарбалас жұмыстан қолы босап, алтын



уақыты өз еншісіне тиеселі сәттен бастап кітап жазуға кірісті. Бір емес, үш кітапты бірінен соң бірін баспадан шығарды. Кіндік кескен, ұшқан ұя — ауылы ауылы мен ауылдастары жайында, ұмытылмас ұстаздары мен қаламдас ағалары туралы және үзенгілес достары хақында тарихи-деректі, публицистикалық жинақтары мен тамаша туындыларын тарту етті.

Қазақ баспасөзі мен мәдениетінің тарихында, қоғамдық ой-сананы жаңғыртуда, әсіресе, ел тәуелсіздігі жылдарындағы Ержұман Смайылдың айрықша қайраткерлігі мен басшы-редакторлық, ұстаздық, көшбасшы журналистік қадір-қасиеттері, адал, әділ адамгершілік ұстанымы, мемлекетшіл пайымы мен жанқиярлық қызметі, ар-ұжданы, еңбекқорлық даралығы тұтастай алғанда, ірілердің інісі, кішілердің ардақты ағасы деңгейінде айтулы болды.

Шындық жолында шашасына шаң жұқпаған, ұлт перзенті Шерхан Мұртазаның «Қаншама жыл «Егеменнің» алтын тұтқасы болған Ержұмандай елжанды, тарланбоз азамат «Еңбектің Ері емес пе?» деуінде әлі талай ой-толғамдарға арқау болатын терең сыр бар.

Мейрамбек ТӨЛЕПБЕРГЕН,
*Қазақстан Парламенті
Мәжілісінің депутаты*



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

AINA



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АЛМАТЫ АЛМАТЫ

Футболдан әлем чемпионатын (жалпы барлық спорт жарысын) өз көзімен көру – кез келген журналистің арманы. Белгілі спорт журналисі Гений Төлегенов те әлемдік додадан қалмауға тырысады. Биыл ол Қатарға барып, чемпионат тарихын жазуға өз үлесін қосып жатыр.

Jas qazaq Гений Төлегеновпен тікелей байланысқа шығып, Қатар әсерімен бөлісуді сұрады.

ПЕНАЛЬТИ ЛОТЕРЕЯ ЕМЕС

* Ширек финалда Хорватияның жапондарды жеңуі әлемдік баспасөз бен жанкүйерлер арасында қызу талқыланды. Златко Далич командасының Хадзимо Мориясу бастаған футбол самурайларымен өліспей беріспеген текетіресі негізгі және қосымша уақытта 1:1 есебімен тең аяқталып, пенальти сериясына әкелді.

Көп адам пенальтиді лотереямен теңестіреді. Жок, жок, тағы да жок! Пенальти де шеберлік. Өз басымнан өткенді мысалға келтіре кетейін. Күзде Грузиядағы халықаралық



арналған кең залдар, студиялар. Сондай-ақ кафе мен буфет ырғын. Аппарат орталықтары, банкоматтар, шағын дүкендер... Волонтерлер де көмек көрсетуге әрқашан дайын.

Мұндағы полицейлер төртіпті қатан қадағалайды: рюкзак пен сөмкені түк қалдырмай тексереді. Стадионға мендегі сувенир жалаушаны өткізбеді, сабы пластмасса болатын. Қауіпсіздік жоғары деңгейде.

ДЕШАМҒА САУАЛЫМ БАР ЕДІ...

* Виртуалдық стадион – Қатардың мақтанышы. Әрі ондай стадион біреу емес,

екеу! Үлкен экраны бар кинотеатр дерсің, орындықтары жайлы. Бапкерлердің баспасөз мәслихатына қатысуға болады. Теледидардан байқамай қалатын кей сәттерді әлгі үлкен экраннан анық көресің. Мәселен, француздардың «скрест» элементін қолданатынын осы жерде байқадым.

Виртуалдық аренаның жетекшісі Дилье Дешам мен Гарри Саутгейт өткізетін баспасөз мәслихатына сауал дайындауымды өтінді. Көп ойланıp жатпадым. Мені Дилье Дешамның жұмыс стилі баяғыдан қызықтырады. Оған мынадай сұрақ қойғым келді: «Жеңіс құтты болсын! Мен Францияның бапкерлер штабының жұмысын 2016 жылдан бері қадағалап келемін. Париждегі Еуро-2016 мен 2018 жылы Мәскеудегі әлем кубогының финалын тамашаладым. Сіздер матч алдындағы дайындықты өзгертпейсіздер. Неліктен? Жеңіс әкелетін болғандықтан ба?».



ӘРКІМНІҢ ДЕ БОЛЖАМҒА БАР ТАЛАСЫ...

* Күнделікті трансляция, шолу, болжам, бәс тігу және бітпейтін әңгіме.

Алматының әуежайына бара жатып-ақ такси жүргізуші Франция, Португалия, Бразилия,

Англияның финалға шығатынын болжап тастады. Ал Месси көп аяламай үйіне қайтады делі. Әрине, қанша жанкүйер болса, сонша болжам...



ФУТБОЛ ФИЕСТАСЫ

* Қатардың астанасы Дохада +28, нағыз курорттық ауа райы. Қаптаған волонтер, айнала әлем-жәлем плакат, баннер.

Спорт журналисі екенімді білген кеденшілер жүтімді аштырып, әуреге салған жок. Сапарыма сәттілік тіледі.

Келе сала футбол фиестасына құмп бердім. Жөнкілген жанкүйер, жан-жағым – ән мен би!

турнирде Молдавиямен 1:1 болғанда, жігіттер пенальти соғуды маған сеніп тапсырды. Мақтанғаным емес, қақпаға дәл түсірдім. Сонда молдаванның қақпашысы келіп құттықтап, «бұл тегін соққы емес» делі. «Әлем чемпионатын ардагерлер турнирімен салыстырасың ба» деп біреулер күлуі мүмкін. Достар, күлмендер, кез келген деңгейде пенальтиге дайын болу керек. Хорваттар Ресейде де, Қатарда да мұны дәлелдеді.

Айтпақшы, матч алдында жапон журналисі менен сұхбат алған. Оны тағы жолықтыраам, біздің «Шеберлік сабағымызға» сілтемені жіберсем деймін. Бәлкім, өздерінің футбол федерациясының сайтына жөнелтер.



СТАТИСТИКАДА МЕН ДЕ БАРМЫН!

* Қатар жұрты өз елінде өтіп жатқан әлем чемпионатын мақтан етеді. ФИФА-ның баспасөз хабарламасында бірнеше «революциялық цифрлар» жарық көріп үлгерді. Соның бірі – топтық ойын кезеңінде Дохадағы метро мен Лусаилдегі трамвайлардың 9,19 миллион рет жүріп өткені туралы мәлімет. Олар бір күнде 707 032 жолаушыны алып жүрген. Мен де осы статистикаға кіремін. Өйткені қаланың шетінен стадионға метрополитен пойызымен жетемін.

АДАМЗАТТЫ ҚҰТҚАРАТЫН ФУТБОЛ!

* Қатардағы чемпионат Футбол планетасында өмір сүріп жатқанымызды тағы бір паш етті. Нак осы тамаша спорт адамзатты соғыстан құтқарып, Бейбітшілікті сақтап қалады. Мен мына суретті Бельгия мен Марокко кездесуі алдында түсірдім. Қаранызшы, бельгиялық қыз марокколық балақайдың қолынан ұстап тұр. Осындай ұл-қыздар соғысты көрмесін деп тілейік...



СУВЕНИР ЖАЛАУША ҚАУІПТІ МЕ?

* Дохада БАҚ үшін керемет жағдай жасалған. Медиа-шаттардың кестесі мен трафигі жолға қойылған. Жұмыс істеуге



Дешам өзінің командасы жеңілсе де, журналистермен сөйлесе біледі. Сауалымды жаттап, екінші телефонның камерасын да дайындап қойып едім. Өкінішке қарай, баспасөз мәслихаты тым қысқа болып, маған кезек жетпеді.

Жарайды, сауалды виртуалдық стадионнан емес, бетпе-бет сұрауға тура келеді. Франция-Марокко ойынынан кейінгі баспасөз мәслихатына билет алсам болды. Ал егер Марокко жеңсе ше? Онда Валид Реграгидін жетістік құпиясын сұраймын. Марокко құрамасының матч алдындағы дайындығы жеңіс әкелетінін көрдік қой.

Гений ТӨЛЕГЕНОВ,
спорт журналисі
Арнайы Jas qazaq үшін



P.S.

Марокко құрамасы жартылай финалда француздардан жеңіліп қалды. Бірақ керемет ойнады!

Бас редактор — директор
Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Мерген ТОКСАНБАЙ — Акмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 701 312 39 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Нұртұл НАСЫР — Атырау облысы (8 702 959 80 08)

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ — Шымкент қаласы (8 776 238 55 94)

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Меншік иесі:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(Бөгембай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54. Тапсырыс — №2004;
Бағасы келісім бойынша

Таралымы — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «AirAstana» әуежолының ұшақтарында бар.

Jas qazaq газеті «Қараан», «Хорошие новости плюс» және КОК TENGRI дүңгіршіктерінде сатылады

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.